

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№34 (933)

30.08.2019

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МӘСЕЛЕ

АЖАРЫ ҚАШҚАН АМБУЛАТОРИЯ ЖЫРЫНА НҮКТЕ ҚОЙЫЛАР КҮН ҚАШАН?!

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ
КОНСТИТУЦИЯ
БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?



Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Еліміздің негізгі Заңы - Конституцияны басынша ардақтай білу басты парызымыз. Өйткені, онда әрбір қоғам мүшесінің еркі, бостандығы, құқығы мейлінше ескерілген. Алайда, айбынымыз болған Ата Заңымыздың бізге берген мүмкіндіктерін білеміз бе? Осы орайда жастар арасында шағын сауалнама жүргізіп, «Конституция деген не?», «Конституция Сізге не берді?», «Еліміздің Ата Заңын қаншалықты құрметтейсіз?» деген сұрақтар төңірегінде пікірін білген едік.

Жалғасы 4-бетте.

Әр адам өзінің басты байлығын сақтау үшін барын салатыны сөзсіз. Ал халықтың денсаулығын сақтау – мемлекеттің мойнына артылған басты міндеттердің бірі. Десек те, еліміздегі денсаулық сақтау саласы бүгінге дейін сыннан арылмай отыр. Елдің денсаулығына жауапты ведомствоға тағылар айып та көп. Неге? Себебі қарапайым халықтың басы ауырып, балтыры сыздаса, емханадан қажетті ем ала алмай әлі де әбігерге түсіп жүргені шындық.



Еліміздегі медициналық мекемелердің науқастарға көмек көрсетуге қауқарсыз екенін Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов та жасырып жүрген жоқ. Жуырда өткен министрліктің алқа отырысында Қазақстандағы медициналық мекемелердің 65 пайызға жуығының тозығы жеткендігі белгілі болды. Ал мұндай мекемелердің дерті асқынған науқас түгелі сау адамның өзін ауыр ойға жетелеп, еңсесін езетіні ақиқат.

Өз сөзінде Елжан Біртанов мырза еліміздегі медициналық мекемелердің басын көпшілігі өткен ғасырдың 80-ші жылдарына дейін бой көтерген ескі ауруханалар мен емханалар екендігін айтып, олар моральдық тұрғыда да, технологиялық тұрғыда да ескірген деген-тін. Ал мұны ретке келтіру мәселесін толық мемлекеттің мойнына іліп қоюға болмайтынын, меншікті және шетелдік инвесторларды осы бағытқа тарту қажеттігін тілге тиек еткен еді. Министрдің пікірінше, еліміздегі монопрофильді ауруханалар мен шағын емханаларды оңтайландыру керек. Осы арқылы медициналық қызмет сапасын әлдеқайда жақсартуға болады.

Ауруханалар мен емханалардың ғимараттары мен технологияларының ескіріп, соның салдарынан медициналық қызмет сапасының төмендегендігі жөнінде талай жылдан бері айтылып келеді. Дегенмен мәселенің нақты шешімі

әлі күнге дейін табылмай келетіні өкінішті. Өлбетте, Республика бойынша жаңа медициналық мекемелердің бой көтеріп жатқаны рас, алайда, сонау кеңес дәуірінің сарқыншағындай боп сақталған ескі ғимараттарда орын тепкен ауруханалар да халыққа қызмет көрсетуін жалғастырып келеді.

Мәселен, облыс орталығы Талдықорған қаласына қарасты Еркін ауылдық округінің тұрғындары бас көтеріп, жаңа ғимарат қажет екенін айтып, жар салып жүргеніне үш жылға тарта уақыт өткен. Халықтың айтуынша, он сегіз мыңға жуық тұрғыны бар ауылдағы дәрігерлік амбулатория ғимаратының әбден тозығы жетіп, олардың тиісті ем қабылдауына ешқандай мүмкіндік болмай отырғаны

жандарына батады. Жеңіл-желпі жасалған жөндеумен іргетасы 55 жыл бұрын қаланған амбулаторияны қайта қалпына келтіру мүмкін емес. Сондықтан ескі ғимаратты жаңасына ауыстырғаннан өзге тиімді шешім жоқ. Тозығы жеткен ғимаратта науқастарға ем-дом жүргізу де оңай емес. Бұл мәселені алға тартып ауыл тұрғындары 2016 жылы облыс әкімі А. Баталовқа айтқанында, өңір басшысы сөзге келмей жаңа ғимарат салынсын деген нұсқау беріп, жауапты мамандарға тапсырыпты. Алайда, олардың ертең болады деуімен бұл іс әлі күнге «сыырқұймышақтанып» созылып келетініне халық қапаланып отыр.

Жалғасы 5-бетте.

АНДАТПА

КЕЗДЕСУ 4-бет



ХАЛЫҚ
ҚАЛАУЛЫСЫНЫҢ
САПАРЫ

БАЙҚАУ 7-бет



ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР
ЖҰТАП ТҮР

РОМАННАН ҮЗІНДІ 8-9-бет



«ӨГІЗӨКІРГЕНДЕГІ»
ҚЫРҒЫН

ОБЩЕСТВО стр. 10



КРЕДИТНАЯ ИСТОРИЯ...

ВСТРЕЧА С ДЕПУТАТОМ

На площадке АО «РИР «СПК «Жетісу» состоялась встреча с депутатом Мажилиса Парламента, председателем Республиканского общественного совета по противодействию коррупции партии «Nur Otan» Омарханом Оксикбаевым. На встрече приняли участие председатель Правления АО «РИР «СПК «Жетісу» Талгат Малыбаев, первый заместитель председателя Алматинского областного филиала партии «Nur Otan» Галиаскар Сарыбаев, а также руководители структурных подразделений АО «РИР «СПК «Жетісу».



фонда Алматинской области.

В свою очередь председатель Правления АО «РИР «СПК «Жетісу» Талгат Малыбаев рассказал о текущей деятельности корпорации.

«В целях развития свекловичной и смежных отраслей в Алматинской области СПК «Жетісу» с 2011 года создано 45 сервисно-заготовительных центров по сахарной свекле, зерновым культурам, овощам, кукурузе, рису, картофелю и кормам. Среди них по свекловичному направле-

нию создано 29 центров», - отметил Талгат Малыбаев.

Глава СПК «Жетісу» озвучил предложения по проблемным вопросам в сфере недропользования, закупа сельскохозяйственной техники и субсидирования.

Также Омархан Оксикбаев ответил на вопросы участников встречи.

Депутат отметил, что вышеперечисленные вопросы и предложения будут взяты на карандаш.

В рамках визита в Алматинскую область депутат Мажилиса Парламента, председатель Республиканского общественного совета по противодействию коррупции партии «Nur Otan» Омархан Оксикбаев также встретился с представителями государственных и частных структур региона.

Ш. ХАМИТОВ.

4 млрд 281 млн тенге казахстанцы оплатили онлайн за почтовые и финансовые услуги в Казпочте за семь месяцев 2019 года. Это на 12% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

КАЗПОЧТА СДЕЛАЛА СТАВКУ НА ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ УСЛУГ ОНЛАЙН

«Постепенный переход от получения услуг в отделениях почты к их заказу и оплате через сервисный портал и мобильное приложение – это тренд, который мы наблюдаем в последние несколько лет», - отмечает Дилара Зарлыкова, директор департамента рекламы и PR АО «Казпочта».

Лидерство по популярности у казахстанцев среди почтовых услуг, оплачиваемых онлайн, держат такие как вызов курьера на дом, изменение адреса доставки почты, перенаправление посылки на почтомат и услуги гибридной электронной почты. Среди финансовых онлайн-операций самыми популярными являются партийный денежный перевод, оплата по реквизитам, перевод с карты на карту либо же на руки. Больше всего онлайн-услугами почты пользуются в городах Нур-Султан, Алматы, Шымкент, Караганда, Тараз, Жезказган. Сервисный портал и мобильное приложение Post.kz – это полноценное «онлайн-отделение» почты. На нем можно заказать и оплатить 30 видов услуг. Средний чек услуги, получаемой через

post.kz – 4 тыс. тенге. Ежедневно через портал проходит более 5 тыс. онлайн-операций. При этом минимальная посещаемость портала в день составляет 40 тыс., максимальная – более 70 тыс. Общее количество зарегистрированных пользователей, которые на постоянной основе покупают онлайн-услуги почты – 712 тыс. 910 казахстанцев. Все сервисы доступны в одном личном кабинете, что существенно облегчает процесс получения услуг.

«Post.kz сегодня – это уникальная платформа в Казахстане, которая наряду с другими проектами Казпочты уверенно приближает к нам цифровое будущее. Именно поэтому в августе 2019 года мы сделали рестайлинг нашего «онлайн-отделения». Главная цель – сделать его более комфортным для казахстанцев, чтобы они могли еще быстрее получать услуги почты в интернете. Обновленный Post.kz сейчас работает в тестовом режиме и активно принимает замечания и пожелания клиентов», - рассказала Дилара Зарлыкова.

А. АКЫБАЕВА.

СПАСИБО, ДОКТОР!

Как часто вы сейчас слышите слова благодарности врачам. К сожалению, такое случается редко. На днях к нам в редакцию обратилась женщина, попросила опубликовать ее слова благодарности врачу-стоматологу Куздикбаеву Улану Ахтановичу.

«Выражаю чувства глубочайшей благодарности в адрес врача-стоматолога Куздикбаева Улана Ахтановича и всему его коллективу. Его высокий профессионализм и оперативные действия обеспечивают пациентам своевременное лечение. Улан Ахтанович щедро наделен такими ценными для врача качествами как сострадание, отзывчивость, доброта, вежливость, интеллигентность, уместный юмор. Его работа – образец того, как нужно работать с пациентами, приходящими за помощью, с надеждой и доверием к врачу. От имени многих его пациентов желаю ему здоровья, профессионального роста и процветания, успехов в нелегком труде, огромного человеческого счастья», от пенсионерки Любовь Геннадиевны.

«СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО – ЗАЛОГ УСПЕХА В ПРОПАГАНДЕ ЗОЖ»

НИЗ – и в первую очередь сердечные, легочные, онкологические заболевания и диабет – главные в мире убийцы. По оценкам, они ежегодно уносят 38 миллионов жизней, причем 16 миллионов из них преждевременно (до достижения 70 лет). Снизив глобальное воздействие факторов риска, мы сможем добиться значительного прогресса в сокращении числа смертей среди нашего населения.



Деятельность медицинских и общественных организаций по профилактике НИЗ сосредоточена на снижении основных факторов риска неинфекционных заболеваний – употребления табака, недостаточной физической активности, нездорового питания и вредного употребления алкоголя.

Профилактика НИЗ является растущей проблемой. Следовательно, борьба с факторами риска приведет к спасению жизней. Основополагающая роль в выполнении миссии, связанной с предотвращением смертности от НИЗ, отводится профилактике на уровне населения. Профилактика на уровне населения сосредоточена на широкомасштабных мероприятиях, причем все они в большей степени ориентированы не столько

ко на лиц, относящихся к группе высокого риска, сколько на население в целом.

Чтобы достичь указанной цели ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТИСУ» продолжает проведение профилактических акций под девизом «Здоровье народа – Богатство страны!» в Алматинской регионе, с привлечением врачей кардиологов, терапевтов, эндокринологов, онкологов. Во время акций проектная команда ведет индивидуальную работу с каждым участником, мотивируя граждан к ведению правильного образа жизни и сохранения своего здо-

ровья. Тем не менее, итоги акции позволяют сделать вывод, что население невнимательно относится к своему здоровью, не владеет полной информацией о тревожных симптомах, которые возникают при артериальной гипертонии, сахарного диабета и не задумывается

о том, что необходимо обратиться к врачу и начать лечение. Поэтому врачи настоятельно рекомендуют не откладывать поход к врачу при появлении первых симптомов.

Успех мероприятий заключается в слаженности действий и благодаря поддержке со стороны государственных учреждений. ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТИСУ» вместе со своим штатом и волонтерами стремится создать необходимые условия, направленные на пропаганду здорового образа жизни и повышения ответственности граждан за свое здоровье. Но правильно гласит народная мудрость – один в поле не воин. Благодаря социальному партнерству, нашим гражданам предоставляется возможность пройти профилактический осмотр в местах, где население занято решением своих повседневных дел. Поэтому, каждый участник проектной группы проводить разъяснительную работу с населением для раннего выявления неинфекционных заболеваний и их своевременного лечения.

ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТИСУ»

СОСТОЯЛСЯ ВТОРОЙ ОБЛАСТНОЙ ФОРУМ

Как сообщила пресс-служба палаты предпринимателей области, в городе Талдыкорган состоялся Второй областной ФОРУМ инвесторов в дошкольное образование Алматинской области «ИНВЕСТИЦИИ в ДЕТСТВО».

«Дошкольное образование – это фундамент всей образовательной системы, так как именно здесь закладываются основы личности, определяющие характер будущего развития ребенка».

Форум «ИНВЕСТИЦИИ в ДЕТСТВО» уже второй год подряд проводит круглые столы, дискуссии и мастер-классы по актуальным вопросам дошкольного образования и стратегии развития частного дошкольного предпринимательства по Алматинской области.

На форуме проведена презентация Альманаха «ТОП лучших частных детских садов Алматинской области».

Задачи ФОРУМА:

- ГЧП и его роль в расширении сети дошкольных организации;
- Повышение статуса воспитателя дошкольной организации;
- Воспитание Антикоррупционной грамотности всех субъектов системы дошкольного образования;
- Создание безопасной образовательной среды в частных дошкольных организациях;
- Повышение квалификации воспитателей и методистов ЧДО.

Также Форум предоставил возможность получения информации о развитии дошкольного образования от представителей Министерства образования и науки РК, акима Алматинской области, Республиканского центра Дошкольное Детство, представителей Национальной Палаты предпринимателей, Центра государственно-частного партнерства, Фонда развития предпринимательства «Даму», АО «Финансовый центр». Форум был интересным, как и для представителей дошкольных организаций, так и для предпринимателей, планирующих инвестировать в образование и развиваться в данной отрасли.

СОБ. КОРП.



НЕДЕЛЯ ОСНОВНОГО ЗАКОНА

Открылась она спортивным флэш-мобом, и это не случайно. Здоровье – это основа успеха и процветания, и не только в бизнесе, но и во всех сферах жизни. Поэтому услуги и товары в сфере спорта, фитнеса, здорового и правильного питания, санаторно-курортной сфере и оздоровления сегодня настолько популярны.

Предприниматели, те, кто еще только задумывается о создании своего бизнеса, волонтеры и просто жители нашего города приняли участие в мероприятии, обменялись опытом, узнали о новых трендах в отраслях, способствующих формированию здорового образа жизни.

Опытные инструкторы по фитнесу обучили предпринимателей и сотрудников государственных органов простым физическим упражнениям, которые помогают поддерживать себя в хорошей физической форме.

Представители компаний, занимающихся здоровым и спортивным питанием, рассказали

о том, как правильно питаться, чтобы достигать максимальных результатов с пользой для здоровья. При этом они отметили, что такую продукцию нужно приобретать только у специализирующихся на ней компаний, консультанты которых помогут правильно подобрать продукты или добавки.

На открытие «Недели Основного Закона» в Палату предпринимателей Алматинской области прибыл депутат Мажилиса Парламента РК Оксикбаев О.Н. Он обсудил с предпринимателями планы развития бизнеса и выслушал проблемы, с которыми они сталкиваются. При этом О.Оксикбаев отметил важную роль Алматинской палаты предпринимателей в поддержке ныне действующих и начинающих бизнесменов.

В рамках «Недели Основного Закона» с 26 по 29 августа для предпринимателей были проведены вебинары, онлайн обсуждения, бесплатные консультации, семинары и другие мероприятия.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

КОНСТИТУЦИЯ БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Нұржан МОЛДАХМЕТОВ, Алматы облыстық «Nur Otan» партиясы жанындағы «Жас Отан» ЖҚ консултанты:

– Кез келген мемлекет өзінің алғашқы қадамын тәуелсіздігімен қатар Конституциясын қабылдаудан бастайды. Бұл сол мемлекетті құраушы ұлттың ғасырлардан жинақталған өзіне тән ұстанымының, заңдарының, жүрген жолдарының өзегінен шығып, келешегіне бағдар жасайтын басты белгі. Мемлекет те тірі организм іспетті. Сол себепті, мемлекетте өмір сүріп отырған әр адамның да өз арман-мақсатының, ұстанымдары мен болашаққа қойған бағдарының болатыны заңдылық. Әр елдің өз Конституциясының болғаны сияқты, әр азаматтың да өзіндік принциптері болуы керек. Мемлекет пен оның азаматтарының ортақ ұстанымдары бір мүддеге тоғысып жатса, онда ел болашағының кемелденуінің кепілі. Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті артқан мығым мемлекетке айналдық. Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды. Конституцияның бізге берген ұлы құндылықтары осылар. Елбасымыз бір сөзінде «Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, тарихымызды, жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни, мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ» - деген болатын.

Жадыра ЖЫЛЫБАЕВА, Қарабұлақ кенті, Ш. Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі:

– Ұлы Даланы мекендеген алты Алаштың дала заңдары, өзіндік Конституциясы болғаны анық. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді заң жүйелері Қазақ елі Конституциясының ертеректе қаланған іргетасы. Қазақ хандары жолға қойған осы жарғыларды дала Конституциясы санасақ, оның «баптарының» сөз бастаған шешендер арқылы қалай өрбігеніне, абыз ақсақалдардың қалай таратып, жөнге салғанына тарихтан көп мысал тартуға болады. Әрине, Конституция – мен үшін құнды құжат. Экономикасы дамыған ел болып қалыптасуымыздың алғышарты болған Ата Заңымыз бар қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етті. Біздің білім алып, мамандық таңдауымызға, сол арқылы болашағымызды қалыптастыруымызға Конституцияның өзі кепіл. Біз конституциялық құрылымымыз бойынша әлемге ашық, зайырлы елміз ғой. Сондықтан, кейбір шекарасын тас қамал бекітіп, ішінен тынып отырған елдер сияқты емес, жаһандық өркендеудің бел ортасында келеміз. Біз баянды болашақты сыйға тартқан Тәуелсіздігімізге, азат еліміздің Ата Заңына қарыздармыз. Өзіңді өмірге әкелген ата-анаңды қалай құрметтесең, Отанды да, оның басты бағдаршамы болған Ата Заңды да солай құрметтеуіміз керек. Қай салада болсын қабылданып жатқан заңдардың, Президент Жарлықтарының бастауында Конституция тұр. Демократиялық принциптерге негізделген Ата Заңымызды біз республиканың басты нышандарының бірі ретінде қалай қастерлесек те жарасады.

Ардақ СЕЙІТҚАЛИЕВА, Текелі қалалық емханасының медбикесі:

– Заңды білу – заман талабы. Ал, заңды білу дегеніміз Конституцияны білуден басталса керек. Сенбемі, еліміздің алға жылжуына, тағдырының қалыптасуына негіз болған бұл басты құжат ешкімді адастырмасы анық. Мен үшін Ата Заң – келер күнімізді ашық-жарқын ететін нағыз шамшырақ. Ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жетіп, Қазақстанымыз көркейіп, ел экономикасы өсіп-өркендеп, халқымыздың әл-ауқаты артып, дамудың

даңғыл жолын таңдадық. Қыруар қайратты, еңселі еңбекті қажет етер күрделі, қиын өмір өткелдерінен өтіп, алуан асуларды, биік белестерді бағындырдық. Ендігі болашақтың кілті – жастардың қолында. Олай болса, жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік-рухани жағынан Ата Заңға құрметпен қарауға үйретіп, нағыз адам ретінде қалыптастыруымыз керек деп санаймын.

Конституция – жарқын болашағымыздың кепілі. Сондықтан, оны дәріптеу баршамыздың азаматтық борышымыз. Отанымызда жекеменшік, мұрагерлік, заң жолымен алынған кез келген мүлікке ие болу құқығы және басқа да меншіктік мәселелер конституциялық мәнге ие. Сол себепті, әрбір азамат басты заңымызға құрметпен қарауы тиіс.

КЕЗДЕСУ

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫНЫҢ САПАРЫ

Өңірімізде жұмыс сапарымен жүрген ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ТӨРАҒАСЫ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ОМАРХАН ӨКСІКБАЕВ СЕЙСЕНБІ КҮНІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНА АРНАЙЫ АТ БАСЫН БҰРДЫ.

Халық қалаулысы алдымен аудан әкімдігінің бөлім басшылары мен қызметкерлерін және тұрғындарды қоғамдық қабылдау бөлмесінде қабылдап, өзекті мәселелер бойынша сұрақтарын тыңдады. Қабылдауда болған ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімінің басшысы А.Бейісбаев, архитектура және қалақұрылыс бөлімінің басшысы Ф.Алпысбаев, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Керікбаев және аудандық «Nur Otan» партиясы филиалының expertі Т.Медетбекова өздерін толғандырып жүрген мәселелер төңірегінде әңгіме қозғады. Атап айтқанда, жас мамандарға берілер баспана мәселесі, үйдің жоспарын жасау, үйдің техникалық төлқұжатын рәсімдеу кезінде жекеменшік қызмет көрсету, ауыл шаруашылығына қажетті кейбір дәнді-дақылдардың субсидияланбауы жөнінде сұрақтарын қойды. Өз кезегінде Омархан Нұртайұлы қойылған сауалдардағы көкейкесті мәселелер туралы жоғары жаққа міндетті түрде жеткізетінін мәлімдеді.



Қабылдаудан соң халық қалаулысы ауданның тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп, көңіліне тоқу мақсатында Қарабұлақ ауылдық округінің бірсыпыра нысанын аралап, жай күйімен жақынырақ танысты. Сондай-ақ, аудан орталығында жаңадан салынып жатқан 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысында болып, техникалық базасымен танысып шыққан соң, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтеріп жатқан көпқабатты үйдің жертөлесіне болашақта спорт залын жабдықтау жөніндегі өз ұсынысын білдірді.

Ш. БАТЫРОВ.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Білім саласында жемқорлық әрекеттеріне тосқауыл күшейтілмек. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің кезекті отырысында айтылды.

КОРРУПЦИЯМЕН КҮРЕС КҮШЕЙТІЛЕДІ

Облыстық партия филиалы жанындағы кеңес төрағасы Серік Мейірханұлы Мұқанов пен облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Төлөндіұлы Сарыбаев жетекшілік еткен жиынға қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган басшылары, әр деңгейдегі мәслихат депутаттары, аумақтық партия филиалдары жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңес төрағалары және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын барысында білім саласындағы жемқорлық әрекеттері үшін жазалағандар туралы прокурор Әлішер Әйешев сөз етті. Оның айтуынша, соңғы екі жарым жыл ішінде білім саласында 433 қылмыстық әрекет әшкереленген (2017 жылы – 191, 2018 жылы – 117, ағымдағы жылдың алты айында 125), олардың ішіндегі қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың саны – 250 адам.

Прокурор сөзін өңір ақпаратымен толықтырған кеңес төрағасы Серік Мейірханұлы: «Алматы облысы бойынша 2017-2018 және 2019 жылдың 6 айында 21 білім саласының қызметкері жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған. 2018 жыл 10 қылмыстық әрекет тіркелсе, ағымдағы жылы Қарасай ауданынан 1 қылмыстық әрекет тіркеліпті. 20 тамыз күні арнайы құрылған кеңес мүшелері білім басқармасы, оның аумақтық бөлімдері мен білім беру мекемелеріне арнайы мониторинг жұмыстарын жүргізіп қайтты. Нәтижесінде бірқатар кемшілік анықталып, ұсыныстар берілді» - деп кеңес отырысын қорытындылады.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

МӘСЕЛЕ

АЖАРЫ ҚАШҚАН

АМБУЛАТОРИЯ

жырына нүкте қойылар күн қашан?!

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ел ішінде уәде бермейтін, берсе, қалайда уәдесінде тұратын адамдардың бәсі биік, беделі жоғары болады деген сөз бар емес пе?! Ал үш жыл бойы халықты құр сөзбен алдап келетіндердің уәде – Құдай сөзі екенін естен шығарып алғаны ма, қалай?!

«Олардың салынады деп айтқанына екі жылдан астам уақыт өтті. Өткен жылғы мамыр айында құрылыс басталады деп уәде еткен-тін. Бірақ, нәтиже жоқ. Ал 2017 жылы осы мәселені алға тартып «Диалог» газетіне «Обещанного три года ждут» атты мақала жариялап, онда тұрғындар облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұрынғы басшысы Асхан Байдувалиевтің назарына өтініш білдірді. Алайда, бір жылдан кейін ол бұл қызметінен кетіп қалды. Оның орнына тағайындалған жаңа басшы Бауыржан Ысқақтың бұған бас ауыртар түрі жоқ сыңайлы» – дейді Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов. Айтуынша, еркіндіктер осы мәселені алға тартып денсаулық сақтау басқармасына бес рет барған. Алайда, ондағылар басшымыз жиналыста, іссапарда деп түрлі сылтау айтып шығарып салып отырыпты. Тіпті бір барғандарында сонда жұмыс істейтін бір қызметкер басшысының «түрлі себептер айтып, келсе қабылдамаңдар» деген нұсқау бергенін де жасырып қала алмаған.

Жалпы, бұл іске жауапты жандардың кейбірінің жөнсіз қылықтары туралы сөз еткенде тұрғындардың билік органдарына деген өкпесінің қара қазандай екені байқалады. Мәселен, «Ескі ғимарат бұзылған жағдайда тұрғындар қайда барып қаралады?» деген алаңдаулы ауыл ақсақалына «Сенің шатағың қанша. Бұған бола бас ауыртпай-ақ қой, бұл сенің шаруаң емес» деп жауап қайырған мекеме басшысының бұл айтқанына не дерсің?! Осыдан кейін қарапайым халық биліктегілерге қалай сенім артады?

Айта кетейік, Еркін ауылындағы іргетасы 1964 жылы қаланған дәрігерлік амбулаторияның орнына жаңа ғимарат бой көтеретіні туралы 2017 жылдан бері айтылып та, жазылып та келеді. Мәселен, округ әкімі Қайрат Матаев биылғы ел алдындағы есебінде жаңа дәрігерлік амбулатория ғимаратының жобалық-сметалық құжаттарының дайын екендігін, мемлекеттік сараптамаға өткізіп қойылғанын айтқан-тын. Сондай-ақ, құрылыс жұмыстарының үстіміздегі жылы басталатын да тілге тиек етіп еді. Бірақ, одан бері жарты жыл өтіп, жыл бітуіне төрт ай уақыт қалды. Іс ілгері басқан жоқ, айтылған сөз аяқсыз қалып келеді. Неге?..

Осы орайда Еркін ауылдық дәрігерлік амбулаториясына бас сұғып, істің мән-жайын анықтап көруге тырыстық. Алайда, мұндағылар қазір бұл жерде уақытша отырғандықтарын,

бүгінгі таңда мекеменің тұтынушысы (потребитель) құрылыс басқармасы болып табылатындығын айтты. Яғни, барлық құжат аталмыш басқарманың құзырына өтіп кетіпті. Әрі, осы айдың 1 тамызынан бастап мекемені босатуларыңыз керек деген хат та келген. Дей тұрғанмен, істің неге кешеуілдеп отырғанын тұтынушылардан ғана анықтап, сұрай алатынымызды айтты.

Сонымен, «Ажары қашқан амбулатория жырына нүкте қойылар күн қашан?» – деп редакциямызға жүгінген

себебі неде?» деген сауалымызға орай бөлім басшысы мемлекеттік сараптама жұмысының созылып келгендігінен дейді.

Қалай десек те, құрылыс жұмысына бөлінген 50 млн. теңгені басқарма наурыз айында алған. Одан бері алты ай уақыт өтті. Ал мемлекеттік сараптаманың бұл құжатты үш ай бойына неге кешеуілдетіп келгені беймәлім.

Жырға айналған емхананың құрылысы қашан басталады? Мемлекеттік сатып алу басқармасына жіберілген құжатқа тендер қашан жарияланады? – деген сауалмен аталмыш басқарманың бөлім басшысы Алмас Әлімбаевке қоңырау шалған едік. Сауалымызға орай ол қысқа әрі нақты жауап берді.

«Бұл мәселе бойынша құрылыс басқармасы құжатты 20 тамыз күні ғана жіберді. Біз алты күн ішінде қарап шығып, 26 тамыз күні тендерді жарияладық. Тендер жарияланғаннан бастап 60 күн ішінде құрылыс жұмысын кім ұтып алатындығы белгілі болады, яғни екі ай», – дейді

өтініші бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ысқаққа жолығуды жөн көрдік. Аталмыш мекеменің қабылдау бөлмесіне қоңырау шалып хабарласқанымызда, хатшы қыз басшысының жиналыста екендігін айтып, телефон нөмірімізді жазып алып қалды. Көп кешікпей Бауыржан Ербозымұлы редакциямызға өзі хабарласып, бұл жайындағы әңгімені телефон арқылы айтуды жөн санады. Оның бұл ісіне еш таңғалмадық. Алайда, осы уақытқа дейін жырға айналған емхананың жайын телефон арқылы айта салу бір басқа да, көзбе-көз отырып кеңінен мәлімет берудің жөні бөлек қой деген сөзімізді Бауыржан ағамыз құлағына да ілмеді. Сонымен басшының сезінше, құрылыс басталған кезде мамандар сол амбулаторияның жанындағы жалға алатын мекемеде орнығатын болады. Ауыл тұрғындары да алысқа бармай сол жерден ем алмақ. Ал нақты қандай ғимаратқа кешіп баратынын Талдықорған қаласындағы №2 емхананың басшысы Светлана Смағұлқызы білетінін айтты. Неге десеңіз, келісім-шарт жасасып жатқан сол кісі екен. Ал басқарма басшысы өзі айтқандай мұның бәрін жатқа білмейді.

Сөз арасында Бауыржан мырзадан: «Тендерді ұтып алғанша амбулатория қызметкерлері сол ғимаратта ешқайда жылжымай отыра бере ме?» деген сауал қойдық. Бұл тұста «Екі ай бойы жалға алып, ақшасын босқа төлейміз бе?» – деген жауап алдық.

Басқарма басшысы құрылыс жұмысы басталады деген күннен бір апта бұрын амбулатория қызметкерлері сол жерге жақын маңдағы ғимаратқа көшірілетінін қадап айтқанымен, нақты орнын хабардар етпеді. Дей тұрғанмен қай ғимарат екені белгісіз болса да ауыл тұрғындарының баратын жері бар. Оның қай жер екені сол кезде белгілі болмақ.

Аталмыш проблеманы жазуда әңгімелескен тұрғылықты тұрғындар медицинада шешілмей келетін мәселелердің шаш етектен екенін айтса да, ең маңыздысы, ажары қашқан амбулаторияның орнына тезірек жаңа ғимарат салынар күнді күтіп жүргенін жеткізіп өлек.

Айта кетейік, қыста салқын, жазда ыстық, тозығы жеткен ескі мекемеге жұмысқа орналасуға келетін жас мамандар ұзақ уақыт тұрақтамайтын көрінеді. Ал өткен жылы қыс ішінде пеші жарылып, күзетшісі күйіп қалған болатын.

Қалай десек те, халықтың денсаулығын сақтау – мемлекеттің басты міндеті. Сондықтан еліміздегі денсаулық сақтау нысандарының талапқа сай болуы аса маңызды. Ал медициналық мекемелердің жартысынан көбі ескіргендігін ескерсек, денсаулық сақтау саласындағы түйткілдердің түйіні әлі тарқай қоймайтын сыңайлы.

Сарби ӘЙТЕНОВА



ауыл тұрғындарының алаңын, уәде етілген жаңа амбулатория салына ма, ескі ғимарат бұзылған күні он сегіз мың халық қайда барып емделеді деген көкейдегі толғақты сауалдарын алға тарта отырып осы іске жауапты құзырлы мекемелерге хабарластық.

Ең алдымен ат басын тіреген мекеме облыстық құрылыс басқармасы денсаулық сақтау нысандарының құрылысы бөлімі болды. Осы іске жауапты бөлім басшысы Болат Құдайбергелұлына дәрігерлік амбулатория қашан салынады деп елеңдеп отырған елдің өтінішін айтып, нақты жауап беруін сұрадық.

Оның айтуынша, өткен жылдың желтоқсан айындағы облыстық мәслихат шешімімен Еркін ауылдық дәрігерлік амбулаторияның орнына жаңа ғимарат салу үшін құрылыс жұмысына бюджеттен 50 млн. теңге бөлініпті. Бұл ақша құрылыс басқармасына наурыз айында ғана түскен. Ал, 14 мамырда мемлекеттік сараптамаға өткізілген құжат тек 23 шілдеде шыққандығын айтады. Содан кейін ғана мемлекеттік сатып алу басқармасына тендер ойнату үшін 22 тамызда жіберілген.

«Қаражат бөлінді, құрылыс жұмысы неге кешеуілдеуде, тендер жариялауға құжатты жай тапсыруларыңыздың

бөлім басшысы.

Тендер жарияланды. Енді тендерге қатысушылардың арасынан құрылыс жұмысына бөлінген қаражатты ұтып алушылар тезірек табылып, еш кедергі болмаса қазан айынан бастап амбулатория құрылысы қолға алынады деген үміт бар.

Ендігі мәселе, құрылыс басталған жағдайда 18 мың халқы бар еркіндіктер қайда барып емделеді деген тұрғындар

БАЙҚАУ

ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР

ЖҰТ АТ ТҰР

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСЫЛ ЖАҚҰТТАРЫНЫҢ БІРІ ДЕ, БІРЕГЕЙІ, ЖЫР, ТЕРМЕ, ҚИСА-ДАСТАНДАР. СОНАУ ҰҚЫЛЫМ ЗАМАННАН АУЫЗДАН АУЫЗҒА ТАРАҒАН БҰЛ ЖАНР КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙҒАН ЖОҚ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨРТ АЙМАҒЫНДА ЖЫРАУЛЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК МЕКТЕПТЕРІ БАР. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖЫРАУЛАР АТАСЫ АТАНҒАН ҚАБЫЛИСА ЖЫРАУДАН БАСТАП, СҮЙІНБАЙ, БАҚТЫБАЙ, ЖАМБЫЛ, ҚҰЛМАНБЕТ, ҚАЛҚА, ҮМБЕТӘЛІ, ОСЫЛАРДЫҢ САРА ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ӨСЕМХАН, ӘЛІМҚҰЛ, ТЕМІРҒАЛИ, АРТЫҚ, ӘБІКЕН ТАҒЫ БАСҚА ДА АҚЫНДАР ЖЫРАУЛЫҚ МЕКТЕП-ТЕН ӨТКЕН ДАРА САҢЛАҚТАР ЕДІ. БІР ҒАНА ЖАМБЫЛДЫҢ ӨЗІ «КӨРҒҰЛЫ» ДАСТАНЫН АПТАЛАП, АЙЛАП ЖЫРЛАЙТЫНЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАР ДА, КӨЗІ КӨРГЕН КӨНЕКӨЗДЕР ДЕ АУЫЗДАРЫНАН ТАСТАМАЙ АЙТЫП, ЖАЗЫП ТА ЖҰР. ОСЫ АЙТУЛЫ ЖАНР ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ КЕНЖЕЛЕП ӘРІ КӨМЕСКІЛЕНІП ҚАЛДЫ. БІРЛІ-ЖАРЫМ ҒАНА ЖЫР АЙТУШЫЛАР БОЛМАСА ТАҢДЫ-ТАҢҒА ҰЛАСТЫРЫП, ЖЫР, ӨСИЕТТІ ТЕРМЕ АЙТАТЫНДАР ЖОҚ. ӨЗЕКТІ ӨРТЕЙТІН ДЕ ОСЫ.

Жыршылықты жадына серік еткен облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуалиев облыстық мәдениет басқармасын басқарып тұрғанда Жетісудағы жыраулық үрдісті қайта жандандырды. Күні бүгінге дейін мәдениет және тіл басқармалары «Текті сөздің төресі – терме» атты байқауын жылма-жыл өткізіп келеді. Олардың жеңімпаздары Республикалық байқауларға жолдама алып жүр. Бірақ... Бас шайқатып, бармағымызды тістеп тұрғанда осы бірақ... Жылма-жыл өтіп тұрған байқау керісінше өрістедің орнына кері кетіп барады. Неге?

Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйытқы болуымен өткен байқауға аудан қалалардан іріктеліп келген 18 жыршы-термеші қатысты. Жыршы, термеші деп айтуға аузың да бармайды. Байқауға қатысушылар жыр не терме, не толғау айтып тұрғанын өздері де білмейді. Демек, тіл басқармасының аудан-қалаларға алдын-ала жіберген ережесімен толық таныспаған. Бар кінәрат жергілікті жердегі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқаратын басшыларда болып тұр. Ұлттық өнерге немқұрайды қарағандары ма, байқауға кімді жіберіп отырғандарын білмейді. Ащы да болса шындық осы. Өнер мен өлеңнің өлкесі атанған, жазиралы Жаркенттен Жолдыбай Алтай жергілікті ақын Исламғали Үркімбаулының өлеңін оқыды. О заманда бұл заман Исламғалидың жыршылық-термешілікке қандай қатысы бар екенін біле алмай аң-таң болдық. Сонда ауданда алдын ала облыстық тіл басқармасының ережесіне сай «Текті сөздің төресі – терме» атты байқауы қалай өткен? Ережеде аудандардан іріктеліп дара шапқан жыршы-термеші ғана облысқа жолдама алады деп тайға таңба басқандай жазылған. Екі ішек, тоғыз пернені шертуді білмеген, тек Исламғалидың өлеңімен ауызданып, байырғы жыршылардың жыр-термелерін жадына түйіп өспеген, Алтай Жолдыбай облысқа қалай жолдана алған? Бұл не сонда, Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының көзін бояу ма? Жаркентте Сағындық деген ақын әрі жыршы өткен. Сол жыршы: «Айдарлының сексеуілі нарбураның са-



ныңдай» деп жырлаған. Асылақын Қалиев, Әсет Керімбаев, Жандарбек Бегімбетовтей айтулы ақындар туған өлкеде Үшарал деген ауылда Шаймерден Өмірбеков деген марқұм көзінің тірісінде мал бағып жүріп, «Қыз ұя», «Биқа сұлу» атты дастандар жазып, өзі орындап жүрді. Бұл күнде солардың сарқыны да қалмапты. Өйтпесе, 35 ұлттың өкілі тұратын Жаркентте терме-жыр айтатын бір адам табылмады дегенге кім сенеді?! Жалпы, байқауға келген 18 орындаушының бір-екеуі ғана болмаса, өзгелерінің жыршылыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Тек Талғар ауданынан келген Ермек Рахымбай мен Талдықорған қаласының атынан шыққан Ұлжан Бақтияр ғана терме айтты, әрі Жетісудың мақамымен ұштасты. Жылма-жыл айтылып келетін сыннан ешқандай аудан да, қала да қорытынды шығармаған. Байқауға келген талапкерлердің бірі батыстың, бірі сырдың мақамына салып үзіп-жұлып жыр айтқан болды. Сонда, Жетісудың өзіндік ән, жыр мектебі қайда қалады? Онда не үшін жылма-жыл жыршылар байқауын өткізіп жүрміз. Республикалық байқауға барғанда сырдың не батыстың мақамдарымен Жетісудың атынан шығып тұрса, елдік-жердік намысты кім қорғайды. Жетісудың жыраулық мектебін қайдан аламыз, бізге кім үйретеді деп ақталудың да қажеті жоқ. Интернет желісінде, «Ютубта» аудио-таспа деген өріп жүр. Соны мәдениеттегі музыкалық дәрісті оқығандар, мектептегі музыкадан сабақ беретін мұғалімдер жас өрендердің бойларына сіңірсе болады. Бірақ, оны назарға алып, ұлттық кодты жаңғыртуға, қисса-дастан айтуға машықтайтын маман жоқ. Жоқ емес-ау, музыкалық білімі бар кез келген мәдениет қызметкерінің қолынан келеді. Ниет жоқ, ынта жоқ, есесіне эстрадалық жанрдағы әншілердің әндерін балабақшадан бастап, мектеп және самайын қырау шалған сары тістіге дейін айтады, селкілдеп билейді. Енді байқауға келген және болашақта келетін талапкерлердің құлағына алтын сырға. Жыршы деген кім соны түсіндіріп көрейік.

– Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айта-тын адамдар «жырау, жыршы», «ақын», «өлеңші», «термеші» деп аталған. Олардың орындаушылық ерекшеліктерінде ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да бар. Жыраулар жырды домбыраның не қобыздың, не сырайдың сүйемелдеуімен, мақаммен айтады. Олар бұрыннан белгілі халық дастандарын, поэмаларды айтып таратып отырады. Жырауларды халық

ақынымен, әншілерімен, шешендерімен қатар қойған. Мәселен, айтыс ақындары Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Мұқаштар өзі ақын, өзі жыршы болған нар тұлғалар. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысқан, ел қорғаған, жерді сақтаған баһадүрлердің ерен ерліктерін жыр-дастанға айналдырып әрі жауынгерлерге рух беруде олардың үлесі орасан зор болған. Алайда, осы озық дәстүрді тоздырып, асыл қазынамызды бағалай алмай жүрміз. Оған байқау барысында анық көзіміз жетті. Орындаушылардың басым бөлігі ережеге сай терме не жырдан үзінді

айту байқауына жергілікті жерден кім болса соны жібере салатындар ойланулары керек. «Жетісуда бүгінгің жырғауы бар ма?» – дегенге лайықты болуымыз керек емес пе. Қашанғы Ақан Әбдуалиев пен Ерболат Шалдыбековтердің аузына қарап отырамыз. Осы Ерболат Талдықорғанда жүргенде өнер мектебінде жыршылық дәстүрден сабақ берді. Бес алты шәкірті бұл күндері жоғары оқу орындарында жыршылық өнерден дәріс алып жүр. Жырау деген статусқа лайықты өнерпаз ғана Республикалық байқауға баруы керек. Ал, тіл сарайында өткен «Текті сөздің төресі – терме» атты облыстық байқауында біз облыс намысын Республикада қорғайтын жыршы не термеші көре алмадық. Тіпті, облыстық тіл басқармасы тағайындаған жүлделерді кімге берерін білмей, әрі-сәрі күйге түстік. «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына өкінім» – демекші, жыраулық өнерді жұтатып, алдаркөсенің рөлін ойнап жүрген жергілікті жердегі мәдениет пен тілдерді дамыту бөліміндегі жауапты мамандар облыстық тіл басқармасымен, облыстық мәдениет басқармасын қашанғы алдай береді. «Судың да сұрауы бар». Жылма-жыл бюджеттен төл өнерді өрістетуге деп бөлініп отырған қаражаттың қайырымын бұқара халық қашан көреді? Біз сыр сүлейлерінен батыстан, арқадан, қаратау баурайындағы Түркістан, Тараз өңірінен неге кем қалуымыз керек? Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Домбыраны мектептерге үйрету керек» деген-ді. Сол сияқты Жетісу өңірінде бес-алты жылдан бері ұйымдастырылып келетін жыршылар байқауын биік дәрежеге көтеру үшін жергілікті мектептер мен мәдениет бөлімдерін қайта жаңғыртпай,



орындау керек еді. Алайда көбі толғау, кейбірі Жәнібек Көрменовтің «Ойламанда жигіттер» толғауын, тіпті Райымбек ауданынан келген Айбол Монтай жырға, термеге түк қатысы жоқ ауыл тойларында айтатын тойға тілек айтты. Ал, Сарқан ауданынан келген Ержан Нүсіп, Іледен келген Айзада Қазбекова екеуі батыстың мақамына салып бірі – Наурызбайдың, бірі – Сүгірдің шығармаларын орындады. Байқау барысында сырдың мақамына салып сайрағандар да болды. Бұл елге, жерге бөліну емес. Жетісудың ән мектебі қалай қалыптасса, жыр-терме айтатын мектебі де саф алтындай сақталуы шарт. Сол үшін жылма-жыл жыр-терме байқауы өткізіліп отыр. Ал көзбояшылыққа барып, ұлттық үрдіске жүрдім-бардым қараған мәдениет және тілге жауапты мамандарға қатаң ескерту жасалуы тиіс. Өйткені, бюджеттен қыруар қаржы бөлініп жылма-жыл ұйымдастырылып отырған жыр-терме

жыраулық дәстүр дәріптелмейді. Себебі, ұйымдастырып жатқан байқаулардың нәтижесі сын көтермейді.

«Жетім қыздың тойындай» болып өткен байдаудың бас жүлдесіне ешкім лайықты болмады. Бірінші жүлде және 120 000 теңге ақшалай сыйлықты талғарлық Ермек Рахымбай иеленсе, екінші орын 80 000 теңгені алакөлдiк Айдос Тұрар мен Іле ауданынан келген Айзада Қазбекова алды, үшінші орын кербұлақтық Азамат Үмбетов, Талдықорған және Текелі қалаларынан қатысқан Ұлжан Бақтияр мен Аргын Нұрданаға бұйырды, оларға берілген ақшалай сыйлық 60 000 теңге. Байқауға қатысушы өзге де өнерпаздар құралақан қайтқан жоқ. Бірақ, бас құрлы, туырлығы желпілдеген жыртық қостай жұтаған жыраулар байқауы көңілді көншітпеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

РОМАННАН ҮЗІНДІ

«ӨГІЗӨКІРГЕНДЕГІ»**ҚЫРҒЫН**

Желдіқараның бүгіліп-жазылғандай қайқаң бітімді шоқыларының ара-арасынан тағы да айнадай жарқыраған бұлақтар көрінеді. Әдетте, бұлақ, қайнар, бастау, тұма аталатын су көздері көбіне жота, тау-төбелердің етегіне таяу қайнап шығады ғой, ал мына Желдіқарада олар сонау биіктердің өзінен бұрқырап көтеріледі. Міне, осы көрініс те Кіші Быжының дәл осы тұсының «Айнала бұлақ» аталуына әсер еткен. Сол су мен түгінің молдығы бұл Желдіқараның да өткен замандардың мұрасы – көптеген белгілерді сақтап қалуына себепкер. Мысалы, осы маңнан бес-алты шақырым теріскей-батыста тұрпаты үлкен шаңырақты қазақы үйше дөңгеленген жеке дара төбешік өткен-кеткенді қайтсе де елең еткізеді. Бұл төбешікті тұрғылықты ел Шыңғыс хан есімімен байланыстырады. «Шыңғыс хан оның төбесіне атымен көтеріліп, әскердің қозғалысын бақылапты» деген тәрізді аңыздарды қоздатады.

Ия, қалайда, бұл Желдіқара мен Сарбастаудың аралығы – Быжы, Кіші Быжы өзендері ирелендеген кең да жазық ойпаңтұңған тарих. Ал биылғы 1928 жылғы кәмпеске кезіндегі әпселендер сол тұнған тарихтың тұңғығын қайта шайқап жібергендей еді.

Жоғарыда біз атаған Қаспаншоқы мен Желдіқараның түйіскен жерінде, екі ортада үлкен қуыс бар. Оны осындағы қазақтар Тауарасы атайды. Онсыз да ауа қозғалысы қауырт аймақтағы бұл Тауарасымен соққан жел де кейде адам мен малдың өзін ұшырып кете жаздайды. Әсіресе, қыркүйек, қазан айларындағы желді бөлек атайды. Міне, биыл, 1928 жылы, кәмпеске науқаны күрт қызған шақта бұл Тауарасы өзінің ежелгі атауын жоғалтқанға ұқсады. Неге? Тауарасы қуысының ұзындығы шамамен он шақырымдай. Ені бір табын сиырды әрең айдап өтуге жарайтындай ғана. Есесіне едәуір тереңдеу қуыс. Екі жақтан төнген Қаспаншоқы мен Желдіқараның тік қабырғалы биіктерімен атты адам қамшы түгілі найза көтеріп те теңесе алмайды. Мәселе мөнісі сонда, әлгі Сарыөзек арқылы келе жатқан Түркістан-Сібір шойын жолы тап осы Тауарасымен өтетін болды емес пе? Бірақ мұның да әуелесі көп екен. Бұл ұзындығы он шақырымдай Тауарасының табаны бұған дейінгі және бұдан кейінгі жазықтардан да көп төмен жатыр екен. Енді не істеу керек? Оған тас, құм, топырақ тасып, бұл қуыстың табанын сегіз метрге дейін көтеруге тура келді. Осы құрылыстағы орысқазағы аралас жұмысшылардың маңдайының сорына орай оған тасылатын тасты, басқасын тікелей жол жиегінен ала қоятындай емес, аталмыш қуысты екі жағынан айналып өтіп, Желдіқараның неше заманғы қатып, сіресіп қалған қыр-жоталарынан сүйменмен ойып, аршып, өгіз арбаларға тиеп, не сол өгіздердің арқаларына теңдеп артып тасуға тура келді. Бұл бір күндік жұмыс емес, үш айдан ұзаққа созылған көр азабындай мекен. Адам шыдамды екен, бірақ өгіздер сәл босаң шыққандай. Бұрын мұндайды бастан кешпеген, жаз жайлау, қыс қыстауда маң-маң басқан, енді міне, қазынаға түскен Зеңгі баба түлектерін кім аясын, таңның атысы, күннің батысы тынымсыз қозғалыс үстінде мойынтұрықтар мойындарын қиды ма, жоқ, арқадағы зілдей ауыр да қатты жүктер белдерін қайыстыра ма, бара-бара бұл жануарлар жаман дауысқа басып айналаны азан-қазан етті. Қазақта «өгіздей өкірді» деген тіркес бар. Адамның көмекейінен ұшқан ең бір ащы зарды, жаман қайғы-қасірет іштен айдап шыққан күйік-наланы осыған теңейді. Тек

теңеу бір басқа да, сол ақырзаман дабылындай зар өз көмекейінен аңыраса кім-кімнің де төбе шашын тік тұрғызары сөзсіз.

Алғашқыда ол өгіздерді қамшымен, таяқпен, тіпті темір сүйменмен айдаған арбақештер ол жануарлардың бұл қиналысын мойындарына ағаш мойынтұрық, ал арқаларына ауыр теңдер баттыға саятын. Сөйтсе басқасы тағы бар екен. Бұл Тауарасы аталатын қыспаққа тас тасығанда айыртұяқ жаратылған немелердің табандары қоса сыдырылады екен. Пышақтай өткір қиыршық тас сынықтары олардың табандарын аясын ба, әрқайсысы өз кезегінде оңдырмай тіліп түседі. Айыр тұяқтылардың қызыл-ала қанға боялғанын көргенде адамның жүзі шыдамастай халге жетеді. Бірақ кейде бұл соңғының жарасы жеңілге ұқсайды. Себебі, бір қатігездік екінші қатігездікті тудырады, ол өгіздерді қамшымен, таяқпен, темір сүйменмен айдаушылардың өздерінің де шекесі қызып тұрған жоқ, өз бастарындағы тауқымет зардабы үшін сол сөйлер тілі жоқ, есесіне көмекейлері кең айыртұяқ сорлылардан кек алмақтай оларды өршелене соққының астына алады.

Күн бата өгіздерге бостандық беріледі, өріске, жайылымға айдайды. Тек олар жөнге көніп, өздеріне үйреншікті Желдіқараның беткейлерінен шөп іліп жеудің орнына қара жерге төс табандап жабысып жатып алады. Ал таң ата кешегі бейнет қайта басталады. Осылай көр азабынан өрмен алты батпан ауыртпалық, әрі аштық, қансыраған аяқ бәрі қосылып қысқанда өгіздер жан даусын шығара өкірмей қайтсін?! Орыс-қазағы аралас жұмысшылар ғана емес, осы маңға әлдеқалай ат ізін салғандар, не тезек терген қатындар сол Тауарасындағы қаптаған өгіздердің өкірген даусынан жүрек талмасына ұшырай жаздайды екен. Тіпті бір тезек терген екіқабат әйел кешкілік үйіне жете бере түсік тастапты деген де қауесет бар. Сөйтіп, Қаспаншоқы мен Желдіқараның осы Тауарасы аталған қуысынан шыққан адам түгіл осындағы аң мен құстың шекесін ызыңдатқан жаман дауыс үш айдан астам уақыт бойы жер мен көкті тітіркіткіп тұрды. Сосын да бұл Қаспаншоқы мен Желдіқараның түйіскен жеріндегі қуыс бұрынғы Тауарасы атауын жоғалтып, қас пен көздің арасында «Өгізөкірген» атанып шыға келді. Тіпті алыстағы ел сол қуысты ғана емес, Қаспаншоқы, Желдіқара атты таулар тізбегі мен Сарбастаудың екі ортасындағы бүкіл ойпаңды да солай «Өгізөкірген» атайтын халге жетті.

Тағы бір ғажабы, сол «Өгізөкіргеннен» сегіз шақырымдай төменде, әлгі Кіші Быжының біршама тереңдеу сай табанымен ағып, сәл-пәл иірімдер жасайтын, әрі Сарыөзек пен Талдықорған ортасындағы ескі жол сорабы кесіп өтетін тұсында да осы былғғы 1928 жылдың көктемнен бері кенет адамдар шоғыры көбейіп, көшпелі жұрттың назарын аударма бастаған. Алғашқыда бұл уақытша нәрсе шығар деп мен бермегенсіп еді, байқаса бұл да күннен-күнге қанатын кеңге жайып, жалы күдірейіп келе жатқанға ұқсаған.

Иә, осы Кіші Быжы бойында, Айнабұлақта да сонау Сарыөзектегі сияқты шойын жол бекеті салынбақшы деген қаңқу сөз де көп ұзамай тараған. Ондай қаңқулар қазақтардың құлақтарына жақпайтын, әрине. Қалай жақсын, мұның бәрі «Союзмзасо», «кәмпеске», «артель», «колхоз» тәрізді ұсқыны белгісіз ұғымдармен қосақтасып тұр емес пе?

Міне, осы Айнабұлақта да әрқилы

дүңгіршектер, жаңбырдан, күннің қызуынан қорғайтын қауқары бар төбесі жабық қоймалар, лашықтар, қазақы киіз үйлер, ашық-шашық кішкене сауда орындары пайда болған. Орысы, қазағы аралас, бет-жүздері кір-қожалақ жұмысшылар да қара көбейтеді. Сан алуан құрылыс жұмыстарының қарқыны да білінеді. Әрине, мұндағыны Сарыөзектегімен салыстыруға келмейді, одан екі-үш есе кемшін, сонда да өзіндік қарбалас, тірлік-тынысы қараған жанның көзіне мықтап-ақ ілінеді.

Айнабұлақтан күнгей бетте сарғыш тақыр төбелер салқар көшке ұқсап, ұзыннан-ұзақ одан әрі созыла түседі. Осы тұстан сарғыш, тақыр, жүдеу көрінгенмен әрісінде көгі мол, жапырақты бұталары сықасқан кең-кең қоныстарға ұласады. Осындағы біраз қазақтардың жаз жайлауы сонда. Енді қалай, Кіші Быжының ішсең қанбайтын мөлдір суы, оған жолай қосылатын бұлақтардың тастай суық көусарлары тұз қазақтарының әмсе іздеп, көздеп жүретін ырзығы еді ғой.

Міне, осындай кеңістік Кіші Быжыға шығыс жақтан кеп құятын Үлкен Быжының бойында да бар. Оның жоғарғы бөлігі үлкен таулардың арасымен өтеді. «Екі жағы тау, андығаны жау» деген қанатты сөздер де сол заманның мұрасы. Биік жартасты құлама құздар қоршаған үлкен сайлары да бар, оларсырт көзден тасада жатқасын ба, әрқилы той-томалақтар, ас, жиын өткізуге қолайлы. Дәл осы 1928 жылдың жазы мен күзінде осы Үлкен Быжының да өнебойы қазақтардың ұйқы-тұйқысын шығарған оқиғалар ордасына айналған. Мұнда да «айранын ұрттап, қойын құрттаған» мамыражай көшпелілерді аса ірі байлар, орташа байлар, кедей-келшілдер атап, жіктеп, бірін екіншісіне қарсы айдап салып, бүйдей тиген науқандар бірден асқынған. Тек мал өсірумен күн кешкен ел іші болғасын мұнда да аса ірі ме, орташа ма, рас-өтірігін кім анықтапты, әйтеуір өз әлінше төрт түліктің басын құрағандар баршылық. Солардың жылқы мен қойын, сиырын күйедей сыпыра бастағанда қарға тамырлы қазақ өздерінен күнгей беттегі Қоғалы аңғары, Күрөңбел жаққа да құлақ түрген. Бұл мұндағыларға қиын емес. Жоғарыда аталған Қаспаншоқыдан әрі аунап түссен Қоғалы аңғарына тап боласын. Сондағы Нұрбек байддың жағдайы, өзге де ауқаттылардың таза тақырлануы, итжеккенге айдалуы, бір алуан жұрттың Құндақбай «бандысының» көмегімен шекара асуы бүгешігесіне дейін бұларға да жеткен. Сосын да Үлкен Быжы төңірегіндегілер алағызбай қайтсін?

Ч е, бөлшебектер өкіметінің беті қатты. Солай екен деп, Қытай шекарасынан әрі асу да ұшаққа апаратынға ұқсамайды. Себебі, екі ортада тартылған қанды жолдың алғашқы сораптары жайлы дақпирттар да құлақтарынан ише сұққылайды. Не істеу керек, тығырықтан шығар жол қайда? Оң-терісін салмақтай келе бәрібір ең оңтайлысы Қытай асып, уақытша болса да соны паналау ғой дегенге сайған. Тек ол үшін қызыл-қанлы Құндақбай Төленді баласы сындымен бір тілдескен жөн шығар. Осылай күнітүні бас шағып, бәтуаласқан осындағы игі жақсылардың күбір-сыбыры да чекистердің құлағына сарт етіп тиген. Қалай тимесін, Кіші Быжы бойындағы қарбаластар, Айнабұлақта сан алуан құрылыс орындарының шаңдатып жатуы, дүңгіршектер, сауда орындарының салынуы, одан да зоры – осы Айнабұлақтан сегіз шақырымдай ғана өрде, құбыла бетте

РОМАННАН ҮЗІНДІ

Қаспаншоқы мен Желдіқара жоталарының түйіскен тұсында Тауарасы аталатын қуыста өкірген өгіздердің даусы Үлкен Быжы бойындағыларға да жетіп, олардың да жүйкелерін жұқартуы, екі ортадағы дамылсыз сабылсы баршаның көз алдындағы құбылыстар емес пе? Әрі, осы суы едәуір мол, әрі теріскейдегі таулар арасында орман-тоғайлы кеңістікті, Ащылы, Қопалысай, тағы басқа ит тұмсығы батпас қалың жынысты сайларды ылғалға бөктіріп, әрқилы иірім жасап аққасын да ма бұл Үлкен Быжы жағалауларындағы ел қарасы әлдеқайда зор еді. Жайлау мен қыстау арасы өте таяу, әрі су мен жер түгінің молшылығы бұл қиырды иіп тірескен жалайыр, қаңлы, суан, аз-кем албан сияқты рудардың ошағына айналдырған. Міне, солар өздері қоныстанған Үлкен Быжының мәзірін азынғандай Кіші Быжы жаққа көптеп ат ізін сала бастаған. Себебі, онда «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дейтіндей әлгі Айнабұлақтағы дүңгіршектер мен кішкентай басқа да ашық-шашық сауда орындарындағы қазақ үшін қат бұйымдар ілезде олардың да таңдайына татыған. Әсіресе, қант, шай, кәмпит, былғары етік, балта, балға, күрек, сүймен, шөгім, қазан тәрізді бұйымдар Үлкен Быжы жақтан сабылған атты қазақтардың қолында көптеп кетіп жатты.

Рас, Үлкен Быжы төңірегіндегі ел үшін, бұлардың төбесінен төнген Сарбастаудың арғы бетінде, Мұқыры өзенінің бойындағы кішкене мекенде де қызыл өкіметтің жебеуімен жасалған «сельпо» аталатын дүкен жұмыс істеуші еді. Айнабұлақ пен Мұқыры бұл Үлкен Быжы бойынан бірдей қашықтықта. Тек мұндағы ел үшін Айнабұлақ біршама сүйкімді көрінді. Себебі, ондағы бұйымдар қарасы әлдеқайда мол, әрі сан алуан. Соған орай Кіші Быжы бойындағы Айнабұлақтың өзінен де әрқилы дәрежедегі мамандар, инженерлер жұмыс күшін, мініс аттарын, сауын мал, киіз үй жабдықтарын іздеп, Үлкен Быжыдағы бай-манаптары, кедей-кепшігі аралас қуыс-қолтықтарға ауық-ауық өңмендейтін. Міне, осы өңмендегендер, араларында киімдерін ауыстырған салпаңқұлақ чекистері де бар немелер қазақтардың осындағы мезгілсіз бас қосуларын кәдік көріп, өз бастықтарына жұқалай жеткізетін.

Бұдан кейінгі оқиғалар қуға тиген оттай лаулап тез өршіген. Айнабұлақ дегенің Сарыөзек пен Талдықорғанның бел ортасында ғой. Бұл соңғы аталған екі мекеннің аралығында сол кездегі саяси науқандарға орай ресми адамдардың жүні жылтыраған жарамды мініс аттарын қоянша шоқататып, ары-бері шапқылауы жиілеген. Олар, өрине, орта жолдағы Айнабұлаққа соқпай өтпейді. Ат тынықтыру, шөл басу, анау-мынау қосалқы шаруаларды тындыру сияқтылары тағы бар. Міне, осылар арқылы Айнабұлақтағы салпаңқұлақтар, мамандар, Үлкен Быжы өзені жақтың жыбыр-жыбырын Талдықорғанға да, Сарыөзекке де табанда ұшырған. Сол тараптардан әзерде ғана оралған ОГПУ-дың Талдықорған аудандық бөлімшесінің жауапты қызметкері, әрі осындағы ең белсенділердің басын құраған коммунистік отрядтың «жалаңтөс» командирі Беляев өзінің соңынан қуа жеткен мына ақпардан ұйқысынан шошып ояңғанға ұқсаған. Қара шайды үсті-үстіне ұрттап, бұл әуелде өзін саябырстытуға күш салды. «Жо-жоқ, Ботвиновты сілкілей бергеннен табарымыз шамалы, стратегиялық жо-спар құру керек, Үлкен Быжы жағалауына да, Қоғалы аңғарындағы Құнбақбай бандының айналасына да тәжірибелі тыңшылар жөнелткен дұрыс, ол тыңшыларды қазақ нәсілділер тарапынан тапқан ұтымды, қару-жарақты да күшейткен жөн, біздегі алтыатар, жапон бердеңкесі бұл науқанда жарамсыздау, кәдімгі ел шетіне жау тигенде қолданылатын ірі қаруларды іске қосқан жөн» деп, іштегі айуандық пиғылын дүрк қоздырды.

Бұл жылдарда Үлкен Быжы жағалауындағы елдің бас көтерерлері жалайыр Уәли, осы жалайырдың мырза-бәйбіше тармағынан өрбіген Қиялбай, Серғазы деген кісілер еді. Үшеуі де 35-40-тар шамасындағы жігіт ағасы атанғандар. Сол заманғы оқиғалардың бәрине құлақтары түрік, зерделі, оң-терісті дұрыс танытын өресі барлар. Әлгі Ботвинов өзіне үлкен бастық Беляев берген күш-көмекті Қоғалы аңғарын сонау түү шығыс беттен көмкерген таулар тізбегі — Үлкен Қоянды сайы, Бел асуы, Сатылы сайы сияқтыларға шашырата бағыттаған күндерде Құнбақбай түн жамылып

жортып, бері қарай, өзі туып-өскен Күркілдек ауылын бауырына басқан Шаған тауына жетіп еді. Мұнда да көп дамылдамай өзіне ең жақын достардың бір-екеуін ғана тауып, қысқа тілдесіп, сол Шаған таудың басындағы, өзінің сүйікті ұясы Ақтауға көтеріліп, содан әрі аупа, Қараңғысайдың қойнауына сүңгіп кеткен. Күркілдекте Құнбақбай тілдескен екі-үшеу де қарап жатпаған. Олар өзге достардың бәрін жағалап, сол Қараңғысайға барып құландар деген Құнбақбай тапсырмасын таратқан.

Міне, Үлкен Быжының өрінде, биік таулар көмкерген терең сайлардың біріндегі ел басылары жөнелткен жансыздар Құнбақбай тобымен осы Қараңғысайда жүздескен. Тек бұл жансыздар да анау-мынаудан құрала салған оңай-оспақтар емес. Олардың басысы жалайыр-сыпатай азаматы, аса ауқатты адамдардың бірі Жақып Орынбаев деген кісі. Бұл табын-табын жылқысы, отар-отар қойы бар бай, әрі атақты батырдың тұқымы ретінде де ел ішінде қадірі бөлек жан. Осыдан екі ғасырдай уақыт бұрынғы жоңғар-қалмақ шапқыншылығы заманында, сонау Сырдария өзенінің бойындағы шайқаста үлкен қолды бастап, ерлік көрсеткен Көшек батыр жайлы аңыз-әңгімелердің өзі бір қыдыру. Сол шайқаста Көшек қолы тамаша жеңіске жеткенмен батырдың оң жақ қабырғасына жау оғы тиіп, қансырап өліпті. Мүрдесі сол Сыр бойында қалыпты. Мына Жақып Орынбаев сол Көшек батырдың тікелей ұрпағы. Ата аруағы қолдағасын ба, бұл Жақып та әрдайым өз замандастары үшін көш басындағы тұлға.

Жақып Орынбаев осындағы елдің үш көсемі Уәли, Қиялбай, Серғазыдан осы жансыздар тобын Құнбақбайға бастап баруға өзі сұранған. Себебі, Қытайға қарай ауа көшуге қозғалған мына елдің қарасы тым көп. Малы да, жаны да.

— Бізді қорғаса тек Құнбақбай ғана қорғай алады. Арғы атам Көшек батыр түсіме еніп, аян берген тәрізді. Қалың түк басқан бет-ажарын танығанға ұқсадым. Құнбақбай жасырынған бір қалтарысты ымдап көрсеткендей! — деп Жақып мына үш көсемге ағынан жарыла сыр ашты. Жақып өзге ауқатты жандарға ұқсаған бітімі олпы-солпы, семіз, қарны шығыншы, епетейсіз жан емес, керісінше, сыптай денелі, атүсті жүріске берік, анау-мынау қимылға да оңайлы, қырықтың қырқасына енді ғана көтерілген қагілез жан. Үш көсем бірден келісімін берді. Бұған қоса осындағы жалайыр-андастан шыққан Ерасыл бай да қолқабыс жасады. Өзінің малшы-жалшыларының арасынан осындай неғайбіл жорыққа жарамды шымыр жігіттерден үш-төртеуді ол да іріктеп берді.

Бұл топ, айналасы оншақты сұрперен Қараңғысайда Құнбақбаймен қауышқан бойда уақыт оздырмай Үлкен Быжы бойындағы елдің хал-жайын қысқа қайыра сипаттаған. Есесіне, Кіші Быжыдағы Айнабұлақтың бас жағындағы, әлгі Қаспаншоқы мен Желдіқара тауларының түйіскен жеріндегі, бұрын Тауарасы, қазір әп-сәтте «Өгізөкірген» айдарлы қуыстағы оқиғаларға көбірек сөз арнады. Жақып Орынбаев тілдің майын тамызары бар, не жайды қозғаса да оның тасасында не хикмет буркеулі екенін аңғартуға шебер жан.

Иә, «Өгізөкірген» жайынан Құнбақбай тобы да едәуір хабардар екен. Сондағы айыртұяқ жануарлардың көмекейінен андыздаған үн бұлардың да шекесін ызындауда екен. Бірауық осы Қараңғысайдың жықпылында сұхбаттасқан екі топқа жан ашуынан мал ашуы қаттырақ батқандай.

— Үлкен Быжы жағасынан тап бері шығарда бір жүргінші таныстан тағы бір сұмдықты құлағым шалды, — деп, Жақып бай сөзін одан әрі жалғастырды. — Сонау Сарыөзектен бері қарай мына бұрынғы азан-шақырып қойылған «ныспысы» Тауарасы, қазіргі «Өгізөкірген» делінетін қуыс арқылы келетін шойын жол деген немесі бар емес пе, міне, сол сонау теріскейден Талдықорған тараптан тартылмақ екінші тажалмен мына Кіші Быжының бойындағы сайда, Айнабұлақта түйіседі екен. «Екі түйе жанасса ортасында бір шыбын өледі» деген. Анау Тауарасында өгіздер өкіріп жер-дүниені көшіруде, ал мына түйісуде қазақтар өкіріп, мүлдем шарт жарылмай ма?! Өйтпей қайтсін, онсыз да күннен-күнге терісі жұқарып барады. Ерасыл бай қосқан жігіттер де Көшек батыр ұрпағының жырын толықтырып, тосын мысалдарды тоғытып, Құнбақбай тобын әп-сәтте көп шындыққа қанықтырды. Қараңғысайдың күн сәулесі түгілі, оның жарығының өзі шала-пұла білінетін қалың жынысты тереңінде адамның ақыл-зердесі мықтап күшіне мінеді. Сосын да Құнбақбайлар Үлкен Быжы көсемдерінің

сәлемін тап-таза, мөп-мөлдір қалпында көкіректеріне құя білді.

Көп толғанатын несі бар, ағайынға қайтсе де қол ұшын беру парыз. Олардың да ең ауқаттыларын мал-жаныммен Қытай асыру шарт, басқа лаж жоқ. Осы пәрменде Құнбақбай тобы тарапынан бір қателік жіберілді. Сірә, бұлар Үлкен Быжы жағалауындағы ел қозғалысын Талдықорғандағы үлкен бастық Беляевтің естігенін, оның бұрын-соңды болмаған қауырт қимылға көшкенін, ал Ботвиновты өзіне бөлінген қосалқы күшті шашыратып жібергені үшін құлағынан мықтап бұрағанын, қазақ нәсілді пенделерден көптеп тыңшылар жалдап, оларды бірден, екіден Үлкен Быжы төңірегіне, Қоғалымен жалғасқан сүрлеу, соқпақтар бойына қарауылға қойғанын білмеген. Сосын да қас пен көздің арасында істің бұлай ауан аларын қалай көперге алсын! Құнбақбайда ұшқырлық жетіп артылады, ал осыдан он жылдай бұрын сонау алыс батыста орыс армиясының құрамында дүниежүзілік соғысқа қатысқан, соғында қызылдар жағына өтіп, азамат соғысына араласқан Беляевтің тіпті ұшқыр шығарын қалай болжасын? Тіс қаққан әскери маман, бастық Беляевтің бұл шақта қолы да ұзын ғой. Міне, сол артықшылықтарын осы жолы асқан өкілікпен пайдаланды.

Қазақ нәсілді тыңшылар жалдау ол жылдарда пәлендей қиындыққа жатпайтын. Себебі қызыл насихаттың да мықтап күшіне енген шағы. Кедей-кепшіктің қолтығына дым бүркіп, мал жия білгендерді әзірейіл етіп, бір-біріне қарсы майдан аштырудың сан қилы айла-шарғысы жасалды. «Тап күресі», «сәулетті болашақ», «жұымдық шаруашылық» қыңдағы ұрандармен аңғау қазақтың басын әңкі-тәңкі етті. Міне, сосын да құрғақ уәдеге қарық болған көнбістерді іздеп тауып, өз қандастарына қарсы қаскөйлікке бағыттап алды.

Беляев Айнабұлаққа үлкен топ болып түнделетіп жетті. Ботвиновты да алдын-ала осында алдырған. Аздаған дүңгіршектердің бірінде көп ешкімнің назарына ілікпудің амалдарын жасап, шығыс тараптағы Үлкен Быжы маңының картасы қағазға түсірілді. Бұл іске жергілікті қазақтардан да таңдайы тақылдаған екі-үшеу жұмылдырылды. Бұларға да құлай сенбей, ертеңіне күн жарықта Беляев, Ботвинов, тағы үшеу осындағы қара жұмысқа жегілгендердің лыпаларын иықтарына іліп, Үлкен Быжының суын ішкендерден мініс аттарын сатып алмақшы деген сылтаумен солай қозғалды. Үлкен Быжының ел қарасы көп сайларының төбесінен төнген құздардың қайсысына пулемет орнату керектігін сөйтіп өз көздерімен мөлшерлеген еді. Бұл істе қызыл өкімет белсендісі, қазақ нәсілді Жаңабай атты тыңшы да көп көмек көрсетті.

Бұдан кейін де Беляев пен Ботвинов үлкен сақтық жасады. Әлгі қызыл өкімет белсендісі Жаңабай өзінің қазақ екенін пайдаланып сай табынындағы елдің ішіне бір мәрте барып та қайтты. Бұл сонда Құнбақбайды көзімен көргенін жүрегіне қолына ұстап Беляевтің құлағына сыбырлағанда орыс бастықтың онсыз да қызара бөрткен жүзі тіпті күреңітіп, қошқар мұрны енді-енді сағағанын үзілмекші әлдебір добалдай жеміске ұқсаса қайтерсің. Аузынан түкірігін шашырата сөйлемекші еді, демікпесі қозып, екі қолы қалшылдай қасындағы Ботвиновты шынтағынан қыса бойын ерең түзеп тұрды. Ботвиновқа үнемі дікендейтін неме енді оның өзінен көмек сұрағандай қара күреңіткен жүзінде әлдебір шыбын-шіркей ұшып-қонғанға ұқсас жыбыр-жыбыр қоса жүгірді. Етженді жүдесі де іштегі бұлқына соққан жүрегінің ойранын жасыра алмағандай. От пен оқтың неше қилысын бастан өткерген Беляевтің қапелімде мұншама мүсәпірлікке тап боларын Ботвинов бұрын білмеген екен.

Бұлардың тұрған жері Үлкен Быжының қалың жынысты сайының бір шеті еді, өздері пулемет құрмақшы құздың табаны. Өңкей қара жұмысшының лыпасын иықтарына ілген, айналасы орысқазағы аралас жеті-сегіз ғана адам. Бұлардан қозыкөштей қашықтықта үлкен малды-жанды ауылдың шет-пұшпағы шалынады. Тіпті Қытайға ауа көшпекші елдің анау-мынау қарбаласы да көрер көзге айқын. Өгәреки, Құнбақбай тобынан әлдекім өздеріне қас дұшпандардың көсемдері осылай таяқ тастамай тұста үйірілгенін сезсе олар-

ды көзді ашып-жұмғанша жоқ қылу сіріңке шаққандай ғана іс. Беляев бұл Құнбақбайға жапсырылған асқан ұшқыр, мерген, циркач, көз байлайтыны бар тәрізді теңеулерді талай естіген. Сосын да онымен бетпе-бет ұшырасу мүмкіндігі ойламаған жерден тап бергенде тұла бойын өз бақылауынан шығарып алғаны рас та еді. Бұл Беляевтің оң қолы — Ботвинов та көп жасаған адам. Кейінгі жұымдық шаруашылық құрылысына, тіпті фашистік Германияға қарсы соғысқа да қатысқан. Сол кейінгі уақыттарда, заман тынышталғанда Ботвинов өз бастығы Беляевтің сол Үлкен Быжы жағалауында Құнбақбайдың өзінен оқ атымдай қашықтықта, қалың елдің ортасында күйбең-күйбең еткенін естігенде бет-жүзінің қалай бұзылғанын, тұлабойынның қалай қалтырағанын әзіл-күлкі сияқтыларды араластыра езігілеп те жүрді.

Ал әзірше әзіл-күлкінің ауылы алыс еді. Аса жоғары лауазымдылардың бұйрығын орындау, әрі бас қорғау — мидай араласып, бұларды дауылды теңіз толқынында шайқалған жаңқаларға ұқсатып, қара топырақтан тамыры үзілген бейшаралардың халіне бір-ақ топ еткізді. Ес жоғалтқан Беляев өзінің дағдылы қалпына оралу үшін аз күш жұмсаған жоқ. Ақыры, ол қалпына оралды да. Алғашқы шешім мына қатерлі маңнан тез табан жалтыратуға байланысты еді. Сақтық, тағы да сақтық мәселесі бірінші кезекте. Сонау Қытайға аумаққа буынып-түйінген ауқаттылардан қазақ нәсілді тыңшылар арқылы орыс ақшасына сатып алған жеті-сегіз бас жылқыны жетектеп ештемеден үрікпеген, қауіптенбеген, мамыражай күймен Беляев адамдары теріскейге ілбігенде сырт पोшымдары шын мәнінде тым бейбіт жандарға ұқсаған. (Ол жылдарда орыс ақшасы Қытай жерінде де сауда-саттыққа жүре беретін). Қай адамнан да азды-көпті актерлік қабілеті табылады, тек іштегі ойран-асырды бүгіп ұстауға терісі жұқалық етпесе жеткілікті. Іштегі ойран-асырдың торғай шырылынан да, қыз күлкілі кәусар бұлақ сылдырынан да бұрқ-сарқ етері бар. Ал тап қазір ол екі тараптан ешқандай залал жоқ. Бар кілтпап бұлар мінген, жетекте ген аттардың болтап тұяқтары аяқ астындағы тастарды шақ-шұқ еткізуінде еді. Сол шақ-шұқ бәрінің құлақ шекелерін оярдай тиеді. Содан «е, бұларға тағы бір қат дүние шыдамдылық екен» деген түйін түйесің.

Айнабұлаққа жеткенде Беляевтің демікпесі қайта қозды. Сондағы жас солдаттар сулы шүберекпен мойнын, арқасын, қос білегін, тізелерін ысқылап, әрі шөл шай ішкізді. Бұл жорық адамына соның өзінің біраз шыпасы тиді. Кешкілік асығыс тігілген қазақы үйдің сырт көлеңкесінде жантайған Беляев шағын жиын өткізді:

— Біз мұндағы елдің Қытай шекарасынан әрі аспаққа жинақыланып әзірленуде екеніне куәдармыз. Иә, шет-пұшпағынан солай екенін ажыраттық. Ал олардың ішіне емін-еркін кіріп, араласып, сауда жасап қайтқан біздің адамдар, революция ісіне қалтқысыз қызмет етуші езілуші еңбекші бұқараның өкілдері, мына қазақ нәсілді шолғыншыларымыз тіпті анық көз жеткізді. Мұның бәрі не өпселен, бәрін сондағылардың өз ауыздарынан естіп ой қорытқан жайлары бар. Ал біз ешқандай әрекетсіз шалжымып, осыншама ақпарларды желқұйын дақпыртқа баласақ революциялық қырағылықтан таза тақырланғанымыз емей немене? Ондай керенаулықты ешкім кешірмейді. Дәл бүгінгі таңда ондай кешірімпаздықтың орнына тек трибунал, өлім жазасы жүреді. Әрбір шараның өз соғар сағаты бар! Одан мүлт кетсең бәрінен қағыласың! Өзің қоса құрығаның! Менің пайымдауымша, менің емес, біздің пайымдауымызша біз жүзеге асырмақ шараның сағаты бүгін түнде және ертең таңертеңгілікте соққалы тұр. Соққанда тіпті қатты соққалы тұр! Құлақ жарардай бар! Түннің айсыз қараңғылығы да біздің еншіміздегі ырзық. Сол ырзықтан қарпып аса! Революция мұраттарына барынша адал, жер жағдайын алақандағы жазудай білетін біздің қазақ нәсілді қолбасшыларымыз адастырмайды. Осы бүгін түнде көз байлана бере үш пулеметті, өзге де қару-жарақты аттарға тиеп, мана өзіміз мөлшерлеген үш төбенің басына орнатуымыз керек! Ешбір оралымсыздыққа орын жоқ! Трибунал! Өлім жазасы! Революция атынан! Езілген еңбекші қауымның атынан! Тап жауларына ымырасыздық қана жеңіске жеткізеді!

Құнбақбай ДОСПАНБЕТОВ

Жалғасы келесі нөмірде.

КРЕДИТНАЯ ИСТОРИЯ...

Жизнь в кредит становится уже нормой.

Потребительские, ипотечные кредиты, автокредиты, кредиты на учебу, лечение, ремонт, отпуск – в общем, когда срочно нужны деньги, а ждать не хочется или не может быть – идем в банк за кредитом. Если у вас плохая кредитная история, то большая вероятность, что новый кредит вам не дадут. Как исправить плохую кредитную историю, как взять кредит если плохая кредитная история, что называется кредитной историей и как проверить свою кредитную историю бесплатно, как узнать, есть ли на вас кредит, проверить задолженность по своим кредитам, как получить персональный кредитный отчет.

Как узнать свою кредитную историю? Есть ли у вас задолженности, не погашенные кредиты, а может на вас числятся кредиты, которых вы вообще не брали? В общем, хотя бы раз в 1-2 года нужно проверять свою кредитную историю.

Что такое кредитная история?

Кредитная история – это досье на вас, в котором перечислены все ваши кредиты, в том числе и по кредитным картам. Кредиты, которые вы просили, брали, гасили. Даже если вы никогда не брали кредит – у вас все равно есть кредитная история – нулевая.

В кредитную историю заносятся ваши данные, ваши заявки/запросы на получение кредита, одобренные кредиты, а также как вы платили по кредитам ежемесячно с задержками или пунктуально, точно в срок. Здесь же указывается и количество запросов на получение кредитной истории.

Все кредитные истории хранятся в Бюро кредитных историй. Раз в год можно проверить свою кредитную историю бесплатно. Платно вы можете сколько угодно запрашивать

истории может понадобиться 3-5 лет. Но над этим стоит работать.

Проверить задолженность по кредитам

В Казахстане кредитную историю можно проверить онлайн или явившись лично со своими документами в соответствующие учреждения.

Онлайн узнать свою кредитную историю в Казахстане, проверить задолженность по кредитам и получить персональный кредитный отчет можно:

через портал **Электронного правительства Республики Казахстан – egov.kz**

через портал **агентства «Первое кредитное бюро» или Бюро кредитных историй – https://www.1cb.kz/getpko**

Условия в обоих порталах одинаковы: раз в год можно получить кредитный отчет бесплатно онлайн;

повторное получение кредитного отчета в течение одного года онлайн будет уже платным. Здесь уже потребуется платежная карточка любого банка Казахстана для онлайн оплаты своего персонального кредитного отчета. Для получения



информации в кредитной истории дает возможность оспорить данные, содержащиеся в персональном кредитном отчете, в течение 15 рабочих дней после его получения.

Как проверить кредитную историю если нет ЭЦП

Если у вас нет ЭЦП (электронная цифровая подпись) или вам сложно пройти весь алгоритм действий онлайн – вы можете получить свой персональный кредитный отчет (ПКО) лично, обратившись в офисы следующих учреждений:

- ЦОН (Вам нужно обратиться в любой ЦОН из представленного ниже списка с оригиналом документа, удостоверяющего личность).

Стоимость услуги:

- один раз в год ПКО бесплатно, комиссия ЦОН – 250 тенге;

- повторное получение ПКО в течение года – 400 тенге с НДС + комиссия ЦОН – 250 тенге.

- Отделения АО «Казпочта» (Вам нужно предоставить оригинал документа, удостоверяющего личность с ИИН). Стоимость услуги:

- один раз в год ПКО бесплатно, комиссия АО «Казпочта» – 250 тенге;

- повторное получение ПКО в течение года – 400 тенге с НДС + АО «Казпочта» – 250 тенге.

- Офис ПКБ (Первое кредитное бюро) (при личном обращении предоставить оригинал документа, удостоверяющего личность). Стоимость услуги:

- один раз в год ПКО бесплатно;
- повторное получение ПКО в течение года – 400 тенге с НДС.

Возникновение кредитной истории

Вы обратились в банк за очередным кредитом, первоначально менеджер изучает историю предыдущих ваших кредитов. В случае, когда история содержит не вовремя выплаченные ссуды или непогашенные суммы, банк, как правило, не предоставляет кредит. Вследствие одностороннего отказа, получить кредит в этом банке становится практически невозможно, так как неблагоприятные клиенты могут быть занесены в соответствующий список «не желательных клиентов».

Причины отказа банка
Причины отказа банка предоставить вам кредит могут быть следующие:

- прошлый кредит не погашен в полном размере. Подобное нарушение считается самым тяжелым и грубым;

- невыполнение сроков договора, задержка выплат сроком от 5-ти до 35-ти дней. Данное отступление является средним по степени тяжести;
- кредит был выплачен в течение 5-ти дней после

наступления даты окончания договора. Нарушение является нормой, если произошло один раз;

Бывают случаи, когда сумма была погашена в срок, но деньги пришли в банк через несколько дней. Такую ситуацию банк рассматривает как просрочку выплаты. Когда клиент не знает точной суммы кредита, он может ошибочно считать, что выплатил все. На самом деле, даже мелкие неучтенные копейки должны быть погашены. Небольшой остаток может повлечь за собой штрафы, которые со временем могут превратиться в большую сумму.

Плохая кредитная история
Кредитная история считается плохой, если:

- на момент подачи заявки о предоставлении кредита, клиент является должником. Не уплаченный кредит – самая важная причина, когда банк отказывает в выдаче ссуды;

- один раз было нарушено соблюдение сроков. Если кредит был погашен на протяжении 5-ти дней после даты, указанной в договоре, ситуация не плачевна. Многие организации выдают кредит подобным клиентам;

- многократное нарушение соблюдения сроков. Если клиент отступал от договорных рамок, но при этом выплачивал ссуду в течение 35-ти дней с момента окончания действия кредита, банк индивидуально решает, предоставить требуемую сумму или нет.

- Если клиент является примерным плательщиком, существует несколько причин, которые могут стать решающими при обращении в банк. Кредитная история может быть занесена в разряд плохих, если на ее хозяина заведено уголовное дело, либо выдвинуто обвинение в связи с мелкими нарушениями.

Каждая история тщательно рассматривается банком, и вопрос о предоставлении кредита решается конкретно по обратившемуся клиенту.

Как улучшить кредитную историю или можно ли исправить плохую кредитную историю? Переписать историю заново невозможно, но окрасить ее положительными моментами реально. Не следует забывать, что легкие нарушения – это всего лишь помарки, на которые многие банки не обращают внимания. При отказе в предоставлении кредита, нужно не сдаваться и показать себя с лучшей стороны. Банку нужны гарантии, что клиент, обратившийся к ним, полностью выполнит условия договора. В качестве доказательств можно представить отчеты и выписки о погашении кредитов в течение нескольких лет. Подтверждениями могут быть выплаты по кредитным

карточкам, ежемесячная оплата коммунальных услуг. Также гарантиями могут быть справки о доходах, свидетельства о высоком уровне платежеспособности.

Рассмотрев все стороны вопроса, и удостоверившись в вашей честности, организация может удовлетворить просьбу о ссуде. Если клиент не смог выплатить кредит по конкретной причине, например тяжелая болезнь, и имеет возможность получить желаемую сумму. Фактором, который сыграет в пользу заемщика, может послужить открытый депозитный счет. Желательно, чтобы депозитный счет был открыт не менее года перед обращением в банк. Иногда причиной отказа кредитования может стать рассеянность сотрудника банка (кредитного менеджера), который совершил ошибку при сборе и передаче информации о клиенте. Имея верные знания о кредитной истории можно избежать вероятных недоразумений. При обнаружении ошибок в кредитной истории клиент должен обратиться в организацию, которая причастна к выдаче ссуды. Если банк признает свою вину, то он обязуется в самые короткие сроки исправить неточности. Если же ни банк, ни клиент не признают своих ошибок, необходимо решать проблему в судебном порядке. В таком случае, исправлять отрицательный момент кредитной истории или нет, будет решать суд. Например, улучшить плохую кредитную историю можно попробовав получить небольшие кредиты онлайн в микро финансовых организациях (типа «Деньги до зарплаты») и пунктуально погасить кредиты. Информация о погашенных кредитах также попадает в общую базу вашей персональной кредитной истории.

Решение о предоставлении ссуды решается персонально банком. Важно произвести впечатление уверенного и дисциплинированного человека, который учиться на своих ошибках. Предоставив гарантии честности и точности выполнения поставленных условий, кредитная история обретет больше положительных сторон.

Выводы:
• Педантично относится к графику ежемесячной оплаты по кредиту.

- Аккуратно и регулярно выплачивать кредит.

- Раз в год проверять свою кредитную историю (бесплатно же).

- Завести себе ЭЦП и научиться ею пользоваться.

А. МУРАТКЫЗЫ.



свою кредитную историю.

Если в своей кредитной истории вы заметили ошибку, например, указана просрочка, а вы точно знаете, что вы ее не допускали – можете обратиться в тот банк, который эту ошибку занес в кредитную историю и попросить ее исправить. Как вариант, полностью закрывая кредит в Банке, попросите Банк выдать вам справку с печатью, что кредит закрыт и за вами не числится никакой задолженности перед Банком. Ну, на всякий случай... мало ли что вдруг потом может нарисоваться...

Если за вами числится кредит, который вы не брали – это повод срочно обратиться в полицию. Если у вас испорченная кредитная история – то с этим можно и нужно бороться. Для этого нужно погасить все долги, закрыть все кредиты спустя некоторое время брать небольшие кредиты и аккуратно их закрывать. На улучшение кредитной

кредитной истории необходимо наличие ЭЦП (электронно-цифровая подпись) Национального Удостоверяющего Центра (НУЦ). Если у вас есть ЭЦП – идите на любой из этих порталов и смело получайте онлайн всю выписку по вашим кредитам бесплатно (1 раз в год). Повторно в течение года, чтобы получить кредитный отчет – вам нужно будет оплатить 400 тенге (+100 тенге, примерно, за комиссию банка). Режим предоставления услуги онлайн – круглосуточно.

Помимо этого, на портале электронного правительства egov.kz есть услуги:

- **отслеживание своей кредитной истории (а вдруг кто-то на вас оформляет кредит?). Регулярно система будет проводить мониторинг вашей кредитной истории, ее изменения, и отсылать вам отчет.**
- **Услуга оспаривания**

Бейсенбі - Четверг, 5 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 12.00 «Көңіл толқыны»
06.30, 13.00, 17.00, 20.00,
00.20, 02.55 AQPAPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.10 «Қайран күндер»
13.10, 01.45 «Серпін»
13.40 «Ауылдастар»
14.10, 22.30 Т/х «47 баланың анасы»
15.00, 21.30 Т /х «Жат мекен»
16.00, 02.05 «SHANYRAQ»
17.15 Т/х «Бізбен бірге»
20.35, 00.55 «Ашық алаң»
23.30 Т/х «Құбылай хан»

10.00 Новости (повтор)
10.40 «ШЕФ-3»
12.40, 23.40 Х/ф «Тайная любовь»
14.30 «Смешная жизнь»
14.40 «За три дня до любви»
16.40, 01.15 Т/х «Өкініш»
18.00 Т/с «Қара Теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «Назначена награда»
04.00-04.30 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық

ЖЕТИСҮ

07.05 Ән әлемі.
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Арнайы репортаж
10.30 «Ұлт пен рух»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 3-бөлім
11.45 Бала-базар
12.00 «Құтты қонақ»
13.00 «Шашу»
14.00 «Ұлылық ұясы»
15.00 «Ән әлемі»
15.45 «Нет-лайк»
16.00 «Ән шырақайық»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 «Шашу»
19.00 «Тұжырым» (тікелей эфир)
19.30 «Қазақ әні»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Тілсақшы»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 4-бөлім
22.45 «Нет-лайк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 10.00 М/с «Юху и его друзья»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.30, 20.10 Телехикая «балтакөлде бақытым»
11.00, 23.15 «Таңғажайып әлем»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.25 Біздің назарда
13.00 Кино «Брат или брак»
14.30, 21.40 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
15.30 «Мерейлі отбасы»
16.00 «Қарақатпен шәй»
16.45 Тарих. Тағдыр. Тұлға
17.45 Кино «Я – жених»
19.30, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
22.30 Т/х «Бөрі»
00.40 «Мектеп» деректі драма
01.15 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00, 03.00 «Ән мен әзіл»
07.00, 13.00 «КазНет»
07.40 «Әзілстан»
08.40, 13.15 Мультфильм «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Косатка»
14.10, 23.00 «Жаза» түрік телехикаясы
15.20, 00.00 «Кешіккен хат»
18.00 Т/х «Бір болайық»
20.00, 02.00 Жаңалықтар
20.30, 02.30 «Новости 20.30»
21.00 «Үмітіңді үзбе»

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 Т/с «Адамасқан ғұмыр»
08.30 What's App
09.30 «Әзілдер жинағы»
10.30 «Келіндер бәйгесі»
12.30 Т/х «Мехектің өмірі»
14.30 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 М/с «Стич»
16.00 Сериял «80-о»
18.00 Сериял «ольга»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Интерны»
23.00 Т/с «Реальные пацаны»
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.00 «Мустафа Шокай» кино
05.30 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 Скetchком «Q-елі»
06.30 «Қуырдақ»
06.50, 22.40, 03.00 Т/х «Элиф»
08.50 М/с «Леди Баг и супер кот»
09.25 «О самом главном»
10.40, 00.45 «Машина времени»
11.50, 02.00 «Сваха»
12.50, 19.20 Т/с «Форс-мажор»
13.50, 18.15 «Мажор-3»
15.10, 21.40 Т/х «Тек қана қыздар»
15.50, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
20.30, 21.05 Сериял «Домик на счастье»
21.00 Лоторея
05.15 «Айнаонлайн»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.45, 02.15 Т/х «Женнеттің көз жасы»
09.00 Т/х «Қайсар жесір»

Жексенбі - Воскресенье, 8 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қызық екен»
06.55 Д/ф «Замана бұлбұлдары»
07.25 «Сәлем, Қазақстан!»
08.50 «Ақсауыт»
09.15, 01.10 «Дара жол»
10.00, 18.10 Т/х «Қайран күндер»
12.00 «Ауылдастар»
12.35 «Жүзіктер әміршісі»
16.00 «Айтыстың ақұы»
17.40 Тұсаукесер «Бір күн»
20.00 «Арта»
20.45 Д/ф «Рухани жаңғыру: Екі жылдық асу»
21.15 «Әзіл әлемі»
23.00 «Жайдарман»
00.40 «Бір күн»
01.55 «Ақсауыт»
02.15 Т/х Достар

ХАБАР

06.00 «Ұят болмасын»
06.45 Концерт «Сен ғана»

АСТАНА

06.00, 02.00 «Ән мен әзіл»
06.30, 11.00 «Каз нет»
07.00 «Қаламгер»
07.30 «Әзілістан» жасырын камера
08.00, 11.00 М/с
10.00, 22.00 «Абысындар»
12.50 Х/ф «Путешествие-2»
15.20 Үздік әзілдер

Жұма - Пятница, 6 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 12.00, 02.50 Көңіл толқыны
06.30, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 AQPAPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
10.00, 18.10 Т/х. «Қайран күндер»
13.10 «Иман өзегі»
13.50 «Ұлы дала улағаты»
14.10, 22.30 «47 баланың анасы»
15.00, 21.30 «Жат мекен»
16.00 «Shanyraq» ток-шоу
17.15 «Bizben birge...»
20.35 «Көзқарас»
20.45 «Ashyq alan» тоқ-шоу
23.30 Т/х «Құбылай хан»
00.20 «Parasat maidany»
01.30 «Көзқарас»
01.40 «Ashyq alan»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Тамаша
07.00, 10.00 «Юху и его друзья»
07.15, 10.15 М/с «Мекси Грин и инопланетяне»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00 «Жаңалықтар»
09.00 «Новости»
10.30, 20.10 Т/Х «Балтакөлде бақытым»
11.00 «Таңғажайып әлем»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.25 Народный контроль
13.00 Кино. «Я – жених»
14.30 «Қарлығаш ұя салғанда -2» Т/Х
15.30 «Мерейлі отбасы» күнделігі
16.00 Ток-шоу «Давайте говорить» с Айгуль Мукей
17.00 «Бабалар ізімен»
17.30 «Религия Сегодня»
17.50 «Той любой ценой»
19.30, 00.45 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Итоги дня
21.40 Мегахит «Папа снова 17»
23.15 «Khabar boxing»
01.15 «Мектеп» деректі драмасы
01.45 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл» концерт
07.00, 13.00 KazNet ғаламторға шолу
07.40 «Әзілстан»
08.40 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х
11.00 Сериял «Косатка»
14.10, 23.00 «Жаза» т/х
15.20, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
18.00 Т/х. «Бір болайық»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 02.30 «Новости 20:30»
21.00 Т/х. «Үмітіңді үзбе»
23.50 «Оңай емес»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 телехикая «Доброе утро»
11.00 Сериял «Волшебник»
12.00 «Қалаулым»
14.50 Х/ф «Любовники»
16.50 «Жди меня казахстан»
18.45 «Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45, 01.45 Поле чудес
21.55, 00.00 Сериял «Крылья»
23.00 Паутина
02.25 «Қалаулым»

17.00 «Той жыры»
18.00 «Бір болайық»
20.00 «Саяси ринг»
20.45 Репортер представляет»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.00 Х/ф «Восхождение юпитер»
03.00 «Күлдірген»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ОА» Т/х
07.00, 03.45 «Тамша сити»
07.55 «Сенбілік жаңалықтар»
08.30 «Ұшқалақ»
08.40 «Воскресные беседы»
09.00 Сериял «Никому не говори»
12.50 «Контент»
13.30 Гала концерт
16.00 Х/ф «Невеста на заказ»
18.00 Т/х «Басты бағдарлама»
18.35 «Кеш қалмайық»
20.00 «Аналитика»
20.55, 23.00 «Любовь под микроскопом»
22.00, 02.30 «Паутина»
00.50 «Ирония спасает от всего»
02.45 «Кеш қалмайық»

Сенбі - Суббота, 7 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

Суббота 7 қыркүйек
Қазақстан
06.00, 03.50 Әнұран
06.05 Quzyq eken
07.00 AQPAPARAT
07.30 «Сәлем Қазақстан»
09.00 М/с. «Мен және менің роботым»
09.25 Тұсаукесер «Толағай»
10.00, 18.10 Т/х. «Қайран күндер»
12.00 Ауылдастар
12.35 М/ф. «Айдаһар мінген шабандоз»
14.00 Концерт «Бақытты әйел»
15.45 «Той жыры» фильмі
17.40, 01.35 Тұсаукесер «Мәдениет жауһарлары»
20.00, 02.05 «MASELE»
20.40 Әзіл әлемі
22.40 Фантастика «Жүзіктер әміршісі»
02.40 Т/х. «Достар»

КТК

07.05 Т/х «Құдалар-2»
08.05 «Біздің концерт»
09.00, 20.00 «Қарапайым-Ханшайым» реалити-шоу
10.00 Мелодрама «Пропавший без вести»
14.00 Мелодрама «Я тебя никому не отдам»
18.00 Эндер мен жылдар
21.00 «Большие новости»
22.00 Мелодрама «Обратная сторона любви»
01.30 Керем фильм «Турист»
02.50 Т/х. «Құдалар-2»
03.40-04.30 «Біздің концерт»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Ұят болмасын
06.45 Құрмаш Махановтың «Беу, туған жер!» концерті
08.45 Өзін өзі тану
09.00 М/с. «Нильс Хольгерсон»
09.40 М/ф. «Нико-2»
11.00 Шебер аспаз
11.30 «Жұлдызды жекпе-жек»
13.00 «Қарақатпен шай»
13.45 «Сен ғана» Айгуль Иманбаеваның концерті
15.45 Мегахит «Папа снова 17»
17.30 Т/х. «Балтакөлде бақытым»
20.00 Қызық Times
21.00 «7 күн»
22.00 Мегахит. «Загадочная история Бенджамина Баттона»
00.30 Т/х. «Бөрі»

ЖЕТИСҮ

07.05 Ән әлемі
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ел мен жер»
10.30 «Желі-KZ»
11.00 «Зерделі отбасы»
11.45 Мультфильм
12.00 «Бай-қуатты болайық»
12.45 «Үшінші көз»
13.00 «Шашу»
14.00 «Экорейд»
14.30 «Тарихтағы тұлғалар»
15.00 «Ән әлемі»
15.45 Мультфильм
16.00 «Оқырман»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 «Балдәурен»
18.45 «Полиция қызметі»
19.00 «Ауылдағы ағайын»
19.30 «Жетісу зертханасы»,
20.00 «Құтқару қызметі»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Бағбан»
21.30 Новости
22.00 «Өмір әні»
22.45 «Нет-лайк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30, 01.40 KazNet ғаламторға шолу
07.00, 02.40 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.30 «Әзілстан» жасырын камера
08.00 М/ф.
10.00, 22.00 Т/х. «Абысындар»
11.00 «Q-Travel»
11.30 М/ф. «Пушистый монстр»
13.00 Х/ф. «Жена – не стена»
15.20 Үздік әзілдер
17.00 Ел аузында
18.00 Т/х. «Бір болайық»
20.00 «Избранное за неделю»
20.45 «Біздің ауыл-2»
21.10 Т/х. Үмітіңді үзбе»
23.10 Х/ф. «Путешествие-2: Таинственный остров»

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 Ризамын
07.00, 03.00 Әзіл студио
08.00, 00.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
09.00 М/с. «Маша и медведь»
09.20 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.00 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.40 «Анашым біз үйдеміз»
12.00, 22.00 Дайджесты «Тематические»
14.40 М/ф. «Алладин и король»
16.40 Кино «Stamperцы»
19.00 Кино «Иллюзия обмана»
21.30 Айта берсін
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «ОА»
06.50 Тамаша сити
07.45 Басты жаңалықтар
08.30 Ұшқалақ
09.00 Сериял «Храни тебя, любовь моя»
12.50 «Фабрика грез»
13.15, 22.00, 02.45 Паутина+
13.55 «Три аккорда»
15.55 Х/ф. «Осторожно! Вход разрешен»
18.00 Сенбілік жаңалықтар
18.35, 03.30 Кешкі кездесу
20.00 «Главные новости»
20.30, 23.00 Х/ф. «Родственные связи»
00.20 Х/ф. «Инферно»

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50 Куырдақ
07.30, 03.30 Гу-гулет
08.00 «Айнаонлайн»
08.30 М/с. «Әуежай»
09.00 М/с. «Джинглики»
09.30 Сериял «Найди меня в Париже»
10.30 «Вокруг света за монетой»
11.40 Человек-невидимка
12.45 Х/ф. «Астерикс и Обеликс против Цезаря»
15.00 «Саясаттандырылмаған дықтарыңыздан»
15.20 Т/х. «Тек қана қыздар»
18.30 К/ф. «А» жобасы»
20.30 Salem Show
21.00 Лоторея «777»
21.05 Х/ф. «Помпей»
23.30 Х/ф. «Последний легион»
01.30 КЗЛандия
03.00, 04.00 Скetchком «Q елі»
05.00 Жеңіп көр!»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.45 Т/х. «Женнеттің көз жасы»
09.00 «Қайсар жесір» т/х
10.00 Новости
10.40 «Шеф-3, Новая жизнь»
12.10 «Тайная любовь»
14.40 «За три дня до любви»
16.40 «Өкініш» т/х
18.00 «Қара теңіз» т/х
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Қарапайым ханшайым»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 Пропавший без вести»
01.10 «Өкініш»
02.10 «Женнеттің көз жасы» т/х
03.10, 04.00 «Мерекелік концерт»

ЖЕТИСҮ

07.05 Ән әлемі
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Тілсақшы»
10.30 «Тұжырым»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 4-бөлім
11.45 Бала-базар
12.00 «Қазақ әні»
13.00 «Шашу»
14.00 «Туржорық»
15.00 «Ән әлемі»
15.45 Мультфильм
16.00 «Болмыс» ток-шоуы
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 «Шашу»
19.00 «Желі-KZ»
19.30 «Бай-қуатты болайық»
20.15 «Үшінші көз»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Ел мен жер»
21.30 Новости
22.00 «Зерделі отбасы»
22.45 «Ұлылық ұясы»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Ризамын
07.00 Информбюро
08.00 Сериял «Адамасқан ғұмыр»
08.30 Whats App каз.
09.30 «Әзілдер жинағы» каз.
10.30 Келіндер бәйгесі
12.30 «Мехектің өмірі»
14.30 «Тимон и Пумба»
15.00 «Стич» М/с
16.00 Сериял «80-Е»
18.00 Сериял «Ольга»
20.00 «Информбюро»
21.00 Сериял «Интерны»
23.00 Сериял «Реальные пацаны»
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.0 Кино «Биржан сал»
05.30 Әзіл студио каз.

7 КАНАЛ

06.00 Скetchком «Q-елі»
06.30 «Қуырдақ»
06.50, 22.40, 04.30 Т/х. «Элиф»
08.50 М/ф «Леди Баг и Супер кот»
09.25 «О самом главном»
10.40 «Машина времени»
11.50 «Савха»
12.50, 19.20 Сериял «Форс-мажор»
13.50, 18.15 «Мажор-3»
15.10, 24.40 Т/Х «Тек қана қыздар»
15.50, 03.00 Т/х. «Жаңа келін»
20.30, 21.05 Сериял «Домик на счастье»
21.00 Лоторея «777»
00.45 Х/ф «Проект «А»
05.15 «Айнаонлайн»

КТК

07.05 «Эндер мен жылдар»
08.45, 03.20 «Басты рөлде»
09.10 «Қарапайым ханшайым» реалити-шоу
10.00 «Смеяться разрешается»
12.00 «Обратная сторона любви»
16.00 «Өкініш» Өзбек Т/х
20.30 «Дау-дамайсыз» жаңа маусым!
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Слуги народа»
22.30 «Зеленая карта»
00.30 «Я стесняюсь своего тела»
01.40 «АР салмағы» К/ф
03.00 «Басты рөлде»
03.25 «Көріпкел»

11.45 Мультфильм
12.00 «Жетісу зертханасы»
12.30 «Құтқару қызметі»
12.45 «Полиция қызметі»
13.05 «Балдәурен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Ұлт пен рух»
15.00 «Ән әлемі»
15.45 «Нет-лайк»
16.00 «Құтты қонақ»
17.00 «Нет-лайк»
17.35 Монолог
18.00 «Спорт-тайм»
18.15 Деректі фильм
18.45 «Полицейская служба»
19.00 «Жүрек сөзі»
19.30 «Ән шырақайық»
20.30 Алпа
21.30 Алпа /рус/
22.20 К/ф «Менің атым Қожа»

31 КАНАЛ

06.00, 00.00, 04.30 «Ризамын»
07.00, 03.00 «Әзіл судио»
08.00 «Айта берсін»
09.00 М/с «Маша и Медведь»
10.00 «Большой закуп»
10.30, 22.30 Дайжесты
10.50 М/ф «Алладин и король

ХАБАР

06.00, 00.00, 04.30 «Ризамын»
07.00, 03.00 «Әзіл судио»
08.00 «Айта берсін»
09.00 М/с «Маша и Медведь»
10.00 «Большой закуп»
10.30, 22.30 Дайжесты
10.50 М/ф «Алладин и король

7 КАНАЛ

06.00 « Қыздар арасында»
06.50 «Куырдақ»
07.30 «Гу-гу-лет»
08.00, 03.30 «Айнаонлайн»
08.30 М/с «Әуежай»
09.00 М/ф «Джинглики»
09.30 Т/с «Найди меня в Париже»
10.00 «Теле Бинго»
10.30 «Человек невидимка»
12.45 Х/ф «Помпей»
15.00 «Келінім, сен тында»
17.10, 04.00 Скetchком «Q-елі»
17.40, 03.00 «Япырай»
18.10, 20.30 «Салем шоу»
18.30 «Саяхаттандырылмағандықтарыңыздан»
18.50 Концерт «Асыл ана»
21.00 Лоторея 777
21.05 «Астерикс и Обеликс против цезаря»
23.25 Х/ф «Джанго освобожденный»
05.00 «Жеңіп көр»

АТА ЗАҢ

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН!



Еліміздің негізгі Ата Заңына 24 жыл толды. Тұңғыш Президентіміз - Елбасы ұсынып, халық қолдаған Ата Заңымыз Қазақстандағы дамудың сара жолын айқындап қана қоймай, еліміздің түрлі салаларындағы қазіргі жетістіктерінің, қоғамдағы әлеуметтік экономикалық және саяси үрдістердің күре тамырына айналды.

ХАЛЫҚ ҚУАТТАҒАН ҚҰЖАТ

Конституция әрбір қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Ата Заңымызда бекітілген нормалардың арқасында біз азаматтық қоғамды дамытуға және демократиялық нығайтуға мүмкіндік алдық.

1995 жылғы Конституцияның ең маңызды жетістіктерінің бірі – тіл проблемасына кеңіл бөлуі. Конституцияның 7-бабына сай, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Сонымен қатар, мемлекеттік немесе басқа тілдерді білмедің деп ешкімді де кемсітуге жол берілмейді.

Соттар мен сот төрелігіне де Конституцияда ерекше мән берілген. Респу-

бликада сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. Оның ісіне араласушылыққа жол берілмейді. Сот процесі заңмен ғана белгіленеді. Арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді. Сот төрелігін іске асыруда судья тәуелсіз, тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру Конституцияда белгіленген демократиялық принциптер негізінде ғана жүзеге асырылады. Соттардың мәртебесінің өсуіне, мінсіз судьялар корпусының нығаюына Конституция талаптарының орындалуы өз ықпалын тигізгені ақиқат. Алдағы уақытта Ата Заңымыздың адам құқықтарының берік қорғаны болатынына сеніміміз мол.

Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,
Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛЫҚТЫ ДӘРІШТЕЙДІ

Дауласушы тараптарды татуластыру, оларды бітімге келтіру ертедегі қазақтың дала демократиясында қалыптасқан билер институтының өркениеттік үлгісі ретінде қайта оралуда.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» Заңы қоғамда орын алып отырған дауларды сотқа жеткізбей шешіп, тараптарды татуластыруды көздеп отыр. Дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізіу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету медиацияның мақсаттары болып табылады.

Медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Сондықтан да тұрғындардың қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал. Заңдық анықтамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзілуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. Яғни, азаматтар өзара туындаған дау-дамайларды іс сотқа жолданғанға дейін шеше алады. Медиатор араздасушы екі жақпен де жеке-жеке әңгімелесіп, ушыққан жағдайды реттеудің, сауықтырудың барынша әділетті, ұтымды амалдарын қолданады. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады. Атап айтқанда, келіспеуші тұлға үшін істі бұлайша насырға шаптырудан гөрі өзара тиімді, татуласу келіссөзіне бару оңтайлы болатындай жағдай қалыптасуы тиіс. Қалай десек те, кәсіби медиаторлардың алдына қойған басты мақсаты – кез келген проблемалық мәселелерді сотқа жүгінусіз-ақ, дауласушы тараптардың барлығына бірдей көзқарас таныта отырып, екі тарапқа да тиімді жағдайда шешу.

Динара СИМИЛТАРОВА,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

ӨНЕР

Ән – көңілдің ажары

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры Ағайша Исағұлова Ескелді ауданындағы «Қаратал» емдеу-сауықтыру орнында демалушыларға қайырымдылық концертін өткізді.

Ағайша ханым осы өңірдің, нақтылап айтқанда, Жетісу орта мектебінің түлегі. Өмірін өнерге арнаған жерлесіміз жарты ғасырдан бері ұстаздық қызметін табысты жалғастыруда. Аталмыш сауықтыру орнына демалуға келген әнші ем қабылдап жатқан көпшіліктің сұрауымен




өсем әннен шашу шашты. Ол қазақ, орыс және татардың халық әндерін шырқады. Соның ішінде Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов туындыларын ерекше орындады. Өз сөзінде әнші, сазгер әрі ұстаз Ағайша Ескелді ауданының Төлеңгіт ауылдық округінен бойына өнер-білім сіңірген жерлестерінің есімдерін мақтанышпен айтты.

Біржарым сағатқа созылған қайырымдылық концертін тамсана тыңдаған әншінің ауылдастары мен демалушылар ізгі лебізін де жеткізді. Атап айтқанда, ерлі-зайыпты Қайыржан мен Гүлдана Жексеновтар, Мықтыбек Рақымбекұлы, Қыдыр Байдүйсенов, Меліс Керейбаев, денсаулық саласының ардагері Данила Рақымбаева өнер қайраткеріне алғыстарын арнап, шығармашылық табыс тіледі.

Б. БИСҰЛТАҒҰЛЫ,
ардагер-журналист.

ЭКОЛОГИЯ



ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

«Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық» демекші, табиғат адамның қамқоршысы, асыраушысы. Қазақ жері қаншалықты ұлан-ғайыр болса, оның қойнауындағы табиғи байлықтары да соншалықты мол. Ал біз өз кезегімізде «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген өсиет сөзді басшылыққа ала отырып, ормандарымызды көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Бұл орайда, орман тазалығы маңызды рөл атқарады. Әсіресе, осы мезгілде табиғат аясында демалушылар саны көбейген кезде бұл өзекті мәселеге айналады. Әрине, қаланың қарбалас тіршілігінен табиғат аясында дем алғанға не жетсін? Өкінішке орай, көбі демалған жерді лаптап кетеді. Ормандарға төніп тұрған екінші қауіп – өрт. Мұнда да көбіне адамның өзі кінәлі болып жатады. Оған сәнбей қалған темекінің тұқылы, тіпті

БАРША АДАМЗАТТЫҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН КЕЛЕЛІ ДЕ КҮРЕЛІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ ӨМІР СҮРІП ОТЫРҒАН ТАБИҒАТТЫ САҚТАП, ОНЫҢ САН АЛУАН БАЙЛЫҒЫН БАРЫНША ҰҚЫПТЫ ПАЙДАЛАНУ. АДАМ МЕН ТАБИҒАТ ЕГІЗ. СОНДЫҚТАН ОҒАН ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ КЕРЕК.

бір тал сіріңке де себеп болады. Міне, осы сияқты басқа да жайттардың кесірінен жүздеген жыл, ғасырлар бойы сақталып келетін жасыл орман бір мезетте жоқ болады. Ал мұндай қауіпті жағдайды туғызбас үшін әр нәрсеге мұқият қарап, қадағалап бақылаған жөн. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, өрт қауіпсіздігі ережелерін, талаптарын орындау және қатаң сақтау әр азаматтың борышы. Табиғат тағдыры өз қолымызда. Сондықтан барды бағалай білейік, барымыздан көз жазып қалмайық. Осындай сұлу табиғатымызды қорғауға баршамыз атсалысайық.

Е. ЗАМАНБЕКОВ,
Талдықорған Орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қаратал орманшылығының орман күтушісі.



Сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бұл дертпен ымырасыз күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері дүние жүзіндегі барлық елге ортақ міндет болып отыр.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Осыған орай, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген. Сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бағытында Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 2015 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген. Стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Бұл деген жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлмын ретінде тани білуі; жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалауы; сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндікті пайдалана білуі.

Нұри ОМАРБЕКОВ,
Алматы облысы МАЭС-ның судьясы.

Үмбетәлі КӘРІБАЕВ - 130

АҚЫН МҰРАЛАРЫ

**ЖЫРДЫҢ «ҚАРА ЖОРҒАСЫ»,
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ ҮМБЕТӘЛІ
КӘРІБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ӘР
АЛУАН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚАМТЫҒАН.
ҮМБЕКЕҢНІҢ АҚЫНДЫҚ ҚЫРЫН
ЕРЕКШЕ АШАТЫН, ОНЫҢ СУЫРЫП
САЛМАЛЫҒЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТЕР-
МЕ, ТОЛҒАУ, ӨСИЕТ ӨЛЕҢ, ЕРТЕГІ,
САТИРА ЖАҒЫНА ДА ҚАЛАМ ТЕРБЕ-
ГЕН. ҚАЛАМ ТЕРБЕГЕН ДЕГЕНІМІЗ
ҮМБЕТӘЛІ АУЫЗША ПОЭЗИЯНЫҢ
ДА, ЖАЗБАША ӨЛЕҢНІҢ ДЕ АСҚАН
ШЕБЕРІ БОЛҒАН.**



сыр шертеді

Үмбетәлі ақынның мұражай қорындағы қолжазбаларын және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағатынан, ҚР Ғылым академиясының қолжазбалары қорынан табылып жатқан ақын мұралары көптеген жаңашылдығымен бізді қызықтырады. Қолжазба қорынан табылған ақынның араб нұсқасындағы өлеңдері толық аударылып, кітапқа енгізілді. Үмбетәлі ақынның өлеңдерінің көркемдік стилі, теңеулері сан алуан. Өзіндік бояуы бар туындылар. Атап айтар болсақ, ана жайлы ақын былай деп жырлайды.

Мен кіммін деп мақтана алам,
Талантты ғып тапқан анам.
Ақ емшегің аузыма сап,
Адал бол деп баққан анам.

Көз алдыңа қараша үйде шамның жарығымен сәбиің емізіп отырған ана елестейді. Талантты қып тапқан анам демекші, Үмбетәлінің анасы Бөпежан әжеміз жанынан өлең құрап айтатын, ауыл арасындағы тойдың сәні болған ақынжанды кісі екен. Сірә, ақындық Үмбекенің анасының ақ сүтімен дарыған шығар. Шумақ соңында:

«Сөйтіп баққан қызметіңді,

Қайткенде мен ақтай алам» деп мөлдір мұңаяды.

Жуырда «Беташар» атты өлеңді зерттеу барысында ақынның тікелей көзі тірі ұрпақтарынан оншақты шағын нақыл өлеңдері табылып және беташар өлеңінде аттары аталған адамдардың кім болғаны бізді ерекше қызықтырды. Осы беташарды оқи отырып аттары аталған отыздан астам адамның кімдер екені, өз өлеңінде келтірілген Үмбетәлінің сипаттауына сай ма деген қызығушылықпен сол адамдардың көзін көрген үлкендерден, ұрпақтарынан сұрастырдық. Үмбетәлі ауылының тұрғыны, жасы жетпістегі шежіреші, сынықшы Әбжатов Жанасбай, ауыл қариясы 84-тегі Батталов Аманжолдан, Үмбетәлі Кәрібаевтың қызы Үмбетәліна Әлиядан, 90 жастағы Сейітжанова Нәзікүл ападан, ауыл тұрғыны Бөкебаева Күләйсадан және сол күні келін болып түскен балғар қызы Балқыздың қызы Саликуржинова Батимадан сұрастырып, қызықты деректер алдық. Беташарда аттары аталған адамдардың түр-түсін, мінездерін қысқа да нұсқа сипаттаған кезде Үмбетәлінің асқан шеберлігіне тәнті болдық. Өлеңмен айтқан адамның портреті көз алдына келе қалады. Әдемі әзілімен сәлем бергізіп отырған адамның түр-түсі айнытпай айшықталады.

Сонымен бұл беташар 1955 жылдары болған. Сол ауылдың тұрғыны, елге сыйлы ақжарқын Құрманова Сәтиненің ұлы Айтжанов Болат Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға күштеп Кавказдан көшіріліп келген балғарлық Әлидің қызы Балқызды үйіне келін қылып түсіреді. Балқыздың әкесі Этезов Әли ауылға сыйлы, Үмбекенің дос-жаран болған екен. Әлидің қызы балқыз балдай тәтті қылықты, сұлу, сүйкімді, жүрген жерін ойын-сауық етіп жүретін жан болыпты. Өкініштісі Балқыз екі ұл, үш қыз туып, олардың қызығын көрмей ерте қайтыс болып кеткен. Болат та бұл күнде өмірде жоқ. Баласы мен келінінен қалған немерелерін Сәтине апа өзі өсірген. Үйіне айдай сұлу келін түсірген Сәтине апа Үмбетәлі арнайы шақырып бет ашып беруін өтінеді. Ол кезде қартайыңқырап қалған ақын анау-мынау шақырған жерге бара бермейді екен. Ел сыйлысы Сәтиненің көңілін кимайды. Әрі Кавказдан күштеп көшіріліп келген Этезов Әли де қазақ ауылын жатсынбай елге сіңісіп, тіпті Үмбекенің дос-жаран болып кетеді. Этездің және Сәтиненің соғыстан қайтпаған күйеуінің аруағын сыйлап Үмбетәлі жас келіннің бетін ашу үшін тойға келеді. Беташарға жиылған ығай мен сыйғайлар, колхоз басқармасы, парторг сол ауылдың бетке ұстар азаматтары. Ал енді осы аттары аталған адамдардың түр-түсі мен мінезін Үмбекенің өлеңін Жанас аға мен Аманжол атаның және жоғарыда аталған адамдардың айтулары бойынша салыстырайық. Сонда сол адамның портреті көз алдына аумай келе қалады.

Үй сыртынан бұқпалап,

Тың тыңдама келіншек, - деп келінге біраз өсиет айта келе, сәлем салатын адамдарды екі-үш жол өлеңмен-ақ әдемі таныстырып өтеді.

Екі беті анардай,
Алма мойын, ақ тамақ,
Көз жанары панардай,
Сәтине бәйбішегі бір сәлем!

Сәтине үйленіп отырған Болаттың анасы. Ол кісіні біз де талай көріп, қолынан шай ішкенбіз. Ұлы жүз Ыстының қызы еді. Байсалды, екі көзі ботадай, ақ сары

кемпір болатын. Өле-өлгенше Үмбекенің ұрпақтары Зейнеп пен Дәмегүлді өз қызындай сыйлап өтті. Тағдырдың жазуымен өз анасы Балқыздың тағдырын қайталап өте ерте қайтыс болып кеткен Сәтине әженің қызы марқұм Гүлнәрдің баласы Өмірбаев Ғалым келін түсіргенде бет ашу рәсімі Үмбекенің тікелей ұрпағы маған жүктелгені де кездейсоқтық емес шығар. Сол Ғалым үйленгенде Үмбекенің беташары жайлы үлкендер жыр қылып айтып, атаңның аруағы қолдасын деп қарттар ақ батасын бергені әлі естен кетпейді. Дәл Үмбетәлідей болмасақ та, ата абыройын асқақтатуға тырыстық. Осы орайда, Үмбетәлі ақын сол ауылға келін болып түскен атақты Надежда Лушникованың да бетін ашқанын Надя апайымыз аузынан тастамай, әлі күнге ата аруағын сыйлап келеді. Бізге осы деректерді айтқан 90 жастағы Сейітжанова Нәзікүл әже де «алғаш келін болып түскенде бетімді Үмбетәлі ашып, кемпірі Мәрия екеуі жолдасым Көпбай екеуміздің некемізді қиып еді» деп, сол бір шақты еске алып біраз күрсінді.

Қазіргі таңда музейдің ғылыми қызметкері Меруерт Орынбай Үмбетәлінің лақап атымен берілген «Бекболат» поэмасын авторға яғни Үмбетәлі Кәрібаевқа қайтару жолында қызу еңбек атқаруда. Зерттеу барысында Меруерт Алматы қаласындағы кітап палатасының, Ұлттық кітапхананың, облыстық, аудандық мұрағатынан, сондай-ақ, Қырғызстан Республикасы Ғылым академиясының мұрағатынан ақынның шығармаларын жинады. «Бекболат» поэмасының латын тілінде 20, араб тілінде 37 бет қолжазбасын алып, бүгінде оны қазақ тіліне аудару жұмыстарын жүргізуде. Профессор Анарбай Бұлдыбайдың жеке архивінен Үмбетәлі Кәрібаевтың және Кенен Әзірбаев, Әбдіғали Сариев, Саяділ Керімбековтің еш жерде жарияланбаған 4 фотосуретін, 6 өлеңін тауып, оны қазақ тіліне аударып, зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз. Сонымен қатар, жас зерттеушілер Дүйсенова Гүлжан, Ибраһымов Сәлім де өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ал,

Үмбетәлі жырларын белгілі жыршы Ақан Әбдулиев, дәстүрлі әнші Ләззат Жанаманова, Жылбек Тоқтасынов орындап жүр. Музейге келуші жас көрермендерді қызықтыру үшін Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәліге байланысты балалар көзімен көретіндей шағын қысқа метражды тарихи кино жасалды. Әрі Үмбетәлінің мемлекеттік кино архивтен табылған өзінің 1957 жылғы Ұзынағаштағы үлкен бір айтыстың беташарын айтып отырған тірі бейнефильмі табылды. Зерттеу барысында Үмбетәлінің жанында отырған ақындар Әбдіғали Сариев, Қасымхан Қосбасаров екенін ұрпақтарымен кездесу барысында анықталды.

Үмбетәлінің балаларған арналған біраз өлеңі бар. Қазіргі таңда Үмбетәлі ақын балалар көзімен атты тақырыпта, ақын ұрпақтарынан аталарының үйінде өткен балалық шақтары жайлы деректері жиналып, болашақта «ақын үйінде өткен балалық шақ» атты кітап шығару жоспарлануда.

Үмбетәлі ақынның өлең-жыр мұралары бүгінде жинақталған. 2007, 2009, 2014 жылдары толық жинағы жарық көрді. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың төл шәкірті, жырдың «қара жорғасы» атанған халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев жалынды жырлары тарихқа қашалып, алтын өріптермен жазылды. Ұрпағы, елі барда ақынның аты өшпейді. Болашақта ақын ұрпақтарының демеушілігімен және музей қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Төрт өнерпаз» хикаясы ертегі өлеңін жеке балаларға арналған кітап ретінде шығарып, осы хикая желісімен Үмбетәлі орта мектебінің мұғалімдерімен бірігіп, үлкен сахналық көрініс дайындалу үстінде. Бұл жұмыстар Үмбетәлі ақынның алдағы 130 жылдық мерейтойына орай жоспарланған.

**Әуелбек ЫСҚАҚОВ,
Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-
мемориалды
музейінің меңгерушісі.**



ЧАСТЬ ДЕМОКРАТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ



Устойчивое развитие страны неотъемлемо связано с гендерной политикой. Эти две важнейшие социальные стратегии современного мира следует понимать в едином социокультурном контексте. Достижение равенства мужчин и женщин во всех сферах жизнедеятельности общества приобретает особую значимость и становится условием и предпосылкой устойчивого развития государства.

из направлений демократических реформ назвал гендерное равенство.

Основные принципы гендерной политики устанавливают гарантированные Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин: «Права и свободы человека принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и неотчуждаемыми...», «Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам... пола, расы, национальности... или по любым иным обстоятельствам».

Анализируя достижения Казахстана в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин за годы независимости, гендерную политику руководства стра-

ны можно назвать эффективной и прогрессивной. Так, Казахстан стал участником следующих основополагающих международных актов в сфере обеспечения прав женщин и гендерного равенства: Пекинская платформа действий по улучшению положения женщин (1995 г.), Конвенция ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин (1998 г.), Конвенция о политических правах женщин (2000 г.), Конвенция о гражданстве замужней женщины (2000 г.), Конвенция МОТ № 151 о равном вознаграждении труда мужчин и женщин за труд равной ценности (2000 г.), Факультативный протокол к Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин (2001 г.). В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций (2000 г.),

которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии.

Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин», «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины». Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

**Олег АНИСИМОВ,
судья Талдықорганского городского суда.**

УПРОЩЕННЫЕ ПРОИЗВОДСТВА

На съезде судей Республики Казахстан, Первый Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев поставил перед судейским сообществом четкую задачу: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий.

Реализация поставленной задачи потребовала активного поиска оптимальных процессуальных средств, способных удовлетворять требованиям скорого, качественного, недорогого правосудия. Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиболее простые и «повседневные» дела, то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

В настоящее время в порядке упрощенного письменного производства рассматриваются дела только по двум основаниям:

- по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц семисот месячных расчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, граждан двухсот месячных расчетных показателей;

- независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представленных истцом документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика, и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору.

Весьма важно, что в рассмотрении гражданских дел по упрощенным процедурам не участвует прокурор, то есть напрямую реализуется 26-й шаг Плана Нации «100 конкретных шагов», предусматривающий сокращение участия прокурора в суде гражданско-правовым спорам для упрощения судебных процедур и ускорения судебного процесса.

Одним словом, упрощение гражданского судопроизводства – залог широкого доступа к правосудию.

**Сара ЖАНБЫРБАЕВА,
судья Талдықорганского городского суда.**

«Судебный кабинет» нацелен на упрощение судопроизводства посредством электронного взаимодействия, а также обеспечение оперативности, доступности и прозрачности судебной системы. Сервис дает возможность гражданам подать в суд иски, заявления (заявления), апелляционные жалобы, ходатайства о пересмотре судебных актов в кассационном порядке в форме электронного документа, произвести онлайн оплату государственной пошлины через сеть интернет с любого удобного для пользователя места.

СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ

Мобильный сервис даёт возможность просмотреть новости Судебной системы Республики Казахстан в хронологическом порядке, список слушаний дел, позволяет в режиме онлайн найти информацию о назначенных судебных заседаниях с возможностью выбора по конкретному судебному органу, возможности просмотра всех документов, которые были направлены в судебные органы посредством веб – сервиса «Судебный кабинет» и скачать на мобильное устройство; отслеживания статусов поданных судебных документов в судебные органы; создания события в календаре, а также отображать в нем сведения о судебных заседаниях, по которым лицо является участником процесса.

Таким образом, сервис предоставляет возможность учитывать занятость адвоката в других судах, а также проверки обоснованности ходатайства адвокатов (участников) об отложении судебного разбирательства в связи с участием в другом судебном процессе; просмотра информации о заявлениях, которые не были подписаны и отправлены в судебные органы.

Сервис регистрация пользователей в мобильном приложении в отличие от веб – версии «Судебный кабинет» имеет преимущество в том, что для процесса регистрации пользователя достаточно указания ИИН

пользователя и номера мобильного телефона, предварительно подписав пользовательское соглашение на использование сервисов «Судебный кабинет». На указанный пользователем номер мобильного телефона посредством SMS придет пароль для авторизации в приложении.

Произвести онлайн оплату государственной пошлины можно через сеть интернет с любого удобного для пользователя места. При подаче заявлений нужно правильно выбрать один из сервисов для дальнейшей регистрации его в судах, указать свой ИИН и номер сотового телефона, вложить необходимые документы, выбрать судебный орган в который адресуйте заявление.

На сегодня в сервисе судебный кабинет доработан функционал предоставляющий возможность внесения сведений по доверенным лицам указанным в форме доверенности при получении электронной цифровой подписи на юридическое лицо. Данный функционал упростит механизм доступа к судебным делам структурных подразделений госорганов будет способствовать осуществлению контроля со стороны центрального государственного органа.

**Ержан НУРЛАНОВ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС
Алматинской области.**

ОСНОВНОЙ ЗАКОН СТРАНЫ

Конституция РК, принятая на республиканском референдуме 30 августа 1995 года, является основным законом страны. Она призвана закрепить конституционный строй и его основы, права и свободы человека и гражданина, основы организации государства, а также основы организации осуществления власти.

Конституция Республики обладает высшей юридической силой по отношению ко всем остальным правовым актам: ни один правовой акт, принимаемый в стране (конституционный закон, Указ Президента РК, Постановление Правительства РК, акт регионального правотворчества, судебное решение и т. д.), не может противоречить Основному Закону, а в случае противоречия приоритет имеют нормы Конституции. Обеспечение юридического верховенства Конституции РК – задача всех без исключения государственных органов и должностных лиц, однако ведущее место в механизме охраны Конституции принадлежит специализированному органу конституционного контроля – Конституционному Совету РК.

Конституция РК – ядро правовой системы государства, основа развития законодательства. Гражданское законодательство РК построено с учетом конституционных принципов многообразия и равенства форм собственности, единства экономического пространства, свободы экономической деятельности и предпринимательства, поддержки добросовестной конкуренции. Трудовое законодательство построено на основе конституционных положений о свободе труда, праве на отдых, на ежегодный оплачиваемый отпуск, на разрешение трудовых споров и др. Семейное законодательство не может не учитывать положения ст. 27 Конституции РК о государственной защите семьи, материнства и детства, основных правах и обязанностях родителей и детей и т.д. Таким образом, Конституция РК является основным источником не только конституционного права, но и всех других отраслей казахстанской системы права.

Таким образом, Конституция Республики, обладающий высшей юридической силой и стабильностью, закрепляющий и регулирующий базовые общественные отношения в сфере правового статуса личности, институтов гражданского общества, организации государства и функционирования публичной власти, является актом, положившим начало новому этапу конституционного развития независимого, суверенного государства Казахстан.

**Нури ОМАРБЕКОВ,
судья СМЭС Алматинской области.**

В правоприменительной практике судов наблюдается тенденция роста количества споров, вытекающих из договорных правоотношений. Одной из многочисленных категорий споров являются споры по договорам банковского займа, заключаемым между банками-кредиторами и заемщиками - физическими, юридическими лицами.

Вступая в договорные отношения, банки приобретают и несут самые разнообразные риски, одними из которых являются неисполнение или ненадлежащее исполнение заемщиками условий договора по возвра-

ДОГОВОРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ БАНКОВ И ЗАЕМЩИКОВ

ту займа, уплате вознаграждения за его пользование. Вместе с тем правоприменительная практика показывает, что сами банки порой не исполняют или ненадлежащим образом исполняют перед заемщиком взятые на себя обязательства по договорам банковского займа.

В связи с этим при рассмотрении споров, возникающих по договорам банковского займа, большая нагрузка и ответственность ложится на суды, в которые обращаются стороны договора. Судам предстоит определить и выявить круг обстоятельств, имеющих значение для дела, определить, какие правоотношения сложились между сторонами, какими правовыми нормами они регулируются, и вынести законное и обоснованное решение по делу.

Анализ судебной практики по данной категории дел показывает, что сегодня значительные затруднения вызывает вопрос о прекращении обязательств по договору банковского займа и о последствиях такого прекращения.

На практике возникает ситуация, когда банк направляет заемщику письменное требование о досрочном возврате займа вместе с причитающимся вознаграждением. При этом финансовое учреждение ссылается на условия договора банковского займа и нормы законодательства, в частности, п.п. б) ст. 728,



ДОГОВОРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ БАНКОВ И ЗАЕМЩИКОВ

п.п. 3 и 4 ст. 722 ГК.

Как правило, не получив ответ на данное требование, банк обращается с иском в суд о досрочном взыскании займа вместе с вознаграждением. Несмотря на взыскание судом суммы, после вынесения решения банк через какое-то время вновь обращается в суд с иском о взыскании с заемщика суммы вознаграждения за пользование займом, исчисленной уже за период после вынесения решения суда, а также неустойки. При этом банк исходит из того, что договорные отношения по договору банковского займа продолжают действовать, и, следовательно, обязательны для его сторон.

Вместе с тем необходимо учитывать, что не всякое неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательства со стороны заемщика предоставляет банку право на предъявление требования о досрочном возврате займа и причитающегося вознаграждения, т.е. на односторонний отказ от исполнения договора. Для этого требуется, чтобы обязательство было нарушено заемщиком по обстоятельствам, за которые он несет ответственность.

В силу норм ст. 359 ГК должник отвечает за неисполнение и (или) ненадлежащее исполнение обязательства при наличии вины, если иное не предусмотрено законодательством или договором. Должник признается виновным, если докажет, что он принял все зависящие от него меры для надлежащего исполнения обязательства.

**Мурат ТАНИРБЕРГЕНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.**

МАРАПАТ

ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР КӨП БОЛҒАЙ

Салтанат сарайында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен кәсіби мереке – Спорт күні аталып өтті. Салтанатты шараға облысымыздың талантты спортшылары, спорт ардагерлері және спорт мекемелерінің директорлары жиылды. Арнайы жиынға облыстық мәслихаттың хатшысы Сұлтан ДҮЙСЕМБИНОВ қатысты.

Жиынды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев жүргізді. Басқарма басшысы ең алдымен салтанатты шараға жиылған спортшылар мен бапкерлерді, спорт ардагерлерін айтулы мерекемен құттықтап, жақсылық тіледі. Одан кейін Жетісу спортының жетістіктері жайында арнайы дайындалған бейнефильм көрсетілді.

Облыста спорт саласы бойынша көрсеткіш жоғары. Нақтырақ айтқанда, төрт жылда бір болатын жазғы спартакиада ойындарында біздің майталмандар жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, қоржынға 60 медальді тоғытты. Саңлақтар республика бойынша қола жүлдені жеңіп алды. Бұл – біздің республика бойынша жазғы спартакиада ойындарында қол жеткізген алғашқы табысымыз. Одан бөлек,

Токиода өтетін Олимпиада ойындарына қатысу мүмкіндігіне ие болған спортшыларымыз да бар. Жетісулық садақшылар үш бірдей жолдаманы жеңіп алды және командалық есепте тағы бір жолдаманы қоржынға түсірді.

Сондай-ақ, жуырда ғана паралимпиадалық ойындардан өткен әлем чемпионатында пауэрлифтингтен өткен бөсекеде Раушан Қойшыбаева тамаша өнер көрсетіп, жолдамаға қол жеткізді. Ұлттық спортта да бағымыз жанып отыр. 140 шақырымды 7 сағатта бағындырған Рүстем Досжановтың



сәйгүлігі дара келіп, әлем бойынша тұңғыш рет рекордтар кітабына еніп отыр.

Осындай жетістіктерді саралап өткен Нұрбақыт Молдахметұлы кезекті марапаттау сәтіне берді. Үздік өнер көрсеткен спортшылар мен қажырлы еңбек еткен бапкерлер, ақыл-кеңесі мен тәжірибесін жастардың

бойына сіңірген ардагерлер арнайы Құрмет грамотасына, Алғыс хаттарға ие болды. Ардагер спортшы Сағындық Қасымжанов, жоғары спорт шеберлігінің директоры Нұркен Нұратов, Еңбекшіқазақ ауданы спорт бөлімінің басшысы Ерболат Сарабеков, гандбол мектебінің директоры Дархан Әшіров және волейболшы Катерина Татко облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, арнайы Алғыс хат пен облыстық «Нұр Отан» партиясының марапатына ие болғандар көп. Сонымен қатар, талай жыл бозкілемде тер төгіп, кейін спорттық мансабын бапкерлікке ауыстырған Аман Бұғыбаев Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Марапаттау сәтінен кейін сөз алған Сұлтан Дүйсембинов барлық спортшылар мен бапкерлерді кәсіби мерекесімен құттықтап, жеңісті күндердің көп болуын тілесе, спорт ардагері Әкебай Жайлаубеков облыс басшылығы мен спорт басқармасына қамқорлықтары үшін алғысын білдіріп, ақжарма тілегін арнады. Жиын соңында естелік суретке түсіп, мерекелік қуанышпен тарқасты.

Әмір САНА.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

БОКСШЫЛАР ТІЗІМІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



**БОКСТАН
ҚАЗАҚСТАН ЕР-
ЛЕР ҚҰРАМАСЫ
8-22 ҚЫРКҮЙЕК
АРАЛЫҒЫНДА ЕКА-
ТЕРИНБУРГТЕ ӨТЕТІН
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ-
НА БАРАТЫН ҚҰРАМА
ТІЗІМІН ЖАРИЯ ЕТТІ.**

Қазақстан ұлттық құрамасы сапында әлем біріншілігіне баратын былғары қолғап шеберлері:

- Сәкен Бибосынов (52 келіге дейін)
- Қайрат Ералиев (57 келіге дейін)
- Закир Сафиуллин (63 келіге дейін)
- Абылайхан Жүсіпов (69 келіге дейін)
- Тұрсынбай Құлахмет (75 келіге дейін)
- Бекзат Нұрдәулетов (81 келіге дейін)
- Василий Левит (91 келіге дейін)
- Қамшыбек Қоңқабаев (91 келіден жоғары)

Ұлттық құраманы Екатеринбургке бас бапкер Ғалымбек Кенжебаев, аға бапкер Марат Жәкпиев, сондай-ақ Мырзағали Айтжанов, Жәміл Жүсіпов және Марат Манашевтар бастап барады.

ЖҮЗУ

Синхронды жүзуден Қазақстан командасының мүшелері Александра және Екатерина Немичтер 2020 жылғы Токио Олимпиадасына қатысу нормативін орындады. Олар Кванджуда өткен 2019 жылғы әлем чемпионатының қорытындысы бойынша лицензияға иелік етіп отыр.

ЛИЦЕНЗИЯ ҰТЫП АЛДЫ

Дуэттерді Олимпиада ойындарына іріктеу бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Алғашқы 10 команда әлем чемпионатының қорытындысы бойынша автоматты түрде Токио жолдамасына қол жеткізеді. Олардың қатарында ойынды қабылдайтын мемлекет Жапония, Ресей, Египет, Австралия, Украина, Қытай, Канада елінің өкілдері бар. Олимпиаданың бес жолдамасы әр құрлықта жоғары орында тұрған командаларға рейтинг бойынша үлестіріледі (Жапония есепке алынбайды). 2019 жылғы әлем чемпионатының қорытындысы бойынша Азия құрлығынан Қазақстан, Африкадан Оңтүстік Африка Республикасы, Океания аймағынан Жаңа Зеландия лицензия иеленді. Панамерика ойындарының қорытындысы бойынша жолдама Аме-



рика немесе Мексиканың біріне бұйырады. Ал Еурподағы өкіл кейін анықталмақ. Олимпиада ойындарының қалған жеті қатысушысы іріктеу турнирінде рейтинг бойынша анықталады. Халықаралық Олимпиада комитеті синхронды жүзуден дуэттерге арнап 22 квота бөлген. Осылайша, Қазақстан құрамасы 12 лицензияға иелік етті. Бұған дейін Ришат Хайбуллин (спорттық құзға өрмелеу), Дмитрий Баландин (100,200 метрге брасс әдісімен жүзу), Ольга Рыпакова, Георгий Шейко (жеңіл атлетика), Евгений Гидич (велоспорт), классикалық түрде садақ атудан Қазақстан ерлер командасы (Денис Ганькин, Ильфа Абдуллин, Санжар Мұсаев) және Виталий Худяков (ашық суда жүзу) Олимпиадаға қатысу нормативін орындаған болатын.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қазақстандық Қуат «Найман» Хамитов пен өзербайжандық Нариман Аббасов арасындағы қарымта жекпе-жек қыркүйекте Бакуде (Өзербайжан) өтеді.



ҚАРЫМТА КЕЗДЕСУ БАКУДЕ ӨТЕДІ

Жеңіл салмақта бос тұрған Fight Nights Global ресейлік промоушннің чемпиондық белбеуі үшін алғашқы кездесу 27 сәуір күні Мәскеу маңындағы Мытищи қаласында өткен болатын. Араға 17 ай үзіліс салып шыққан бұл айқаста Хамитов төрешілер шешімімен жеңілген – 48:47, 47:47 және 48:47. FNG93 турнирінде спортшылар бес раунд бойы күш сынасты. Айта кетейік, Хамитов октагонға шықпас бұрын бір ұпайынан айырылған еді, себебі ол өз категориясының салмағынан ауырлау болып шықты. Аббасовқа дейін ол 2017 жылы қарашада жұдырықтасқан. 31 жастағы Хамитовтің еншісінде 19 жеңіс, жеті жеңіліс және бір тең түскен нәтиже бар. Жақында ғана жерлесіміздің спортпен қатар кино әлемінде де бақ сынап жатқанын жазғанбыз. «Найман» отандық «Мажор на неделю» жастар комедиясына түсті.

РАФТИНГТЕН ЖАРЫС ӨТТІ

ЖАҚЫНДА ӘРІПТЕСТЕРІМІЗБЕН КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНДАҒЫ КӨКСУ ШАТҚАЛЫНА БАРЫП ҚАЙТТЫҚ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ Туризм басқармасы дәстүрлі «KOKSU WATER FEST-2019» атты рафтингтен жарыс ұйымдастырған болатын.

Су фестивалінің басты мақсаты – жер жаннаты Жетісудың әсем табиғатын тамашалау, өңірде туризмнің дамуына оң ықпал ету. Сондай-ақ, экстремалды спорт түрлерін насихаттап, бұқараны салауатты өмір салтын қалыптастыруға шақыру.

Аталған шараға мемлекеттік қызметкерлер мен бірге бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен құралған 12 команда қатысты. Қатысушылар Көксу өзенімен 15 шақырымды жүзіп өтті.

Сайыс қортындысы бойынша Алматы облысының білім басқармасы бірінші орынды иеленсе, облыстық экономика басқармасы екінші орынға тұрақтады. Ал үшінші орын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің еншісіне бұйырды. Облыстық туризм басқармасы ұйытқы болған шара келесі жылы да өз жалғасын табады.

Д. САҒЫНДЫҚ.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

ҚАЙ АЙДА
ДҮНИЕГЕ КЕЛДІҢІЗ?

ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ ҚҰДІРЕТІ БОЛАР, БІР АЙДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНДЕРДІҢ ҚАЙТКЕНДЕ
ДЕ БІР ҰҚСАСТЫҚТАРЫ БОЛАДЫ ЕКЕН. СОНДЫҚТАН МІНЕЗ- ҚҰЛҚЫМЫЗҒА,
БОЛМЫСЫМЫЗҒА, ТУҒАН АЙЫМЫЗҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ АҚПАРАТТАР ЛЕГІН
ҰСЫНУДЫ ҰЙҒАРДЫҚ. СІЗ ҚАЙ АЙДА ДҮНИЕ ЕСІГІН АШТЫҢЫЗ?



Қаңтар. Жылдың алғашқы айында туылған қыздар айтқанынан қайтпайтын, батыл болып келеді. Өз сезімін сыртқа жайғанды ұнатпайды. Барлық нәрсеге сыни көзбен қарайды. Және өзімен интеллектуалды дәрежесі бірдей, пікірін қолдайтын адамдармен қарым-қатынас жасағанды қалайды.

Ақпан. Романтиканы сүйетіндер. Олармен тілдескенде сізге ерекше төзім қажет болады. Көңіл-күйлері жиі құбылатындықтан, бұл топтағыларды түсіну сәл қиындау. Ал сатқындық жасайтын болсаңыз, оны бұдан былай көрмейсіз!

Наурыз. Ерекшелік пен сүйкімділіктің салтанаты. Бұл айда дүниеге келгендер өздеріне өте сенімді жандар. Еңбексүйгіштер. Олар сіз ренжітіп, көңіліне тигенге дейін сүйкімділіктерін сақтай біледі. Жалпы наурызда туылғандармен бірге өмір сүру – бір ғанибет.

Сәуір. Көпшіл. Кез келген адаммен оңай тіл табысып кетеді. Әсіресе сүйікті адамымен. Бірақ қызғаншақтық қасиеті де бар. Сеніміне кірген жандарды қадірлей біледі, оған бар сырын ақтарыла айтады. Негізі сәуірде туылған қыздар өз жартыларын әлемдегі бақытта жанға айналдыра алады.

Мамыр. Әйелдердің айы. Бұл кезде туылғандар тұрақтылық пен ұстамдылық қасиеттеріне ие. Сондай-ақ, көзартарлық сұлулығы да бар. Мінездері өте жұмсақ. Аздап еріншектігі болуы мүмкін. Бірақ оларға кезіккен ерлер – жолы болғыш.

Маусым. Шығармашылық арулары. Жаңа нәрселерге үнемі қызығып жүреді. Бір кемшілігі – алдымен сөйлеп, содан соң

барып ойланады. Бірақ олар сыртынан сөз тасымай, шындықты осылай бетке айтады. Айтпақшы, жігіттер бұл арулардан сақ болғаны жөн. Өйткені оларды оп-оңай ойыншығына айналдырып ала алады.

Шілде. Жазды, жалпы жылдың ортасында дүниеге келген арулар өте адал, сұлу, ақылды әрі өте жұмбақ болып келеді. Айқай-шуды, ұрыс-керісті жақтырмайды. Оған өтірік айтпаңыз. Бір рет алдаймын деп бұл айда туған жақыныңыздан, досыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін.

Тамыз. Өте қызық жаратылыс иелері. Бойында эгоистік қасиет те, жомарт жүрек те бар. Олармен ұрысысудың қажеті шамалы. Өйткені бәрібір жеңіліп қаласыз. Сондай-ақ, әзіл-қалжыңға жақын келеді. Үнемі жұрттың назарында болғанды ұнатады. Еркектерді бірден баурап алатын қабілетке ие.

Қыркүйек. Бұл кезеңде мейірімді, ерекше жандар дүниеге келеді. Өзіне сатқындық жасағандарды кешірмейді. Егер оған ауыр тиер іс-әрекет жасамаңыз, сізден кек қайтаруы мүмкін. Олар бір күндік уақытша қарым-қатынасты емес, ұзақ, тұрақты қатынасты бағалайды. Егер жеңіл-желпі ойыңыз болса, қыркүйекте туған аруларға жақындамай-ақ қойыңыз.

Қазан. Ақылдылар. Өте мықты мінез иелері. Көпшілік алдына шыққанды ұнатпайды. Кез келгенге ақтарылып, сырын аша бермейді. Әр істі ойланып, ақылға салып барып жасайды. Жанындағыларға көп жағдайда оның қызғаншақтығы ұнамайды.

Қараша. Өзгелерден үнемі бір қадам алда жүреді. Оны өздері байқамауы да мүмкін. Өйткені олар жасаған іс-әрекеттеріне мақтанып, бәріне көрсетуді көздемейді. Өтірікті бірден байқайды. Егер шындықты білгіңіз келсе, қарашада туылған бикештердің пікірін тыңдаңыз.

Желтоқсан. Шыдамсыз, күйгелектер дүниеге келеді екен. Кез келген тығырықтан шығар жолды оңай тауып кетеді. Былайша айтқанда «судан құрғақ шығады». Олар өздері ғана сергек жүрмей, өзгелердің де көңіл-күйін көтеріп жүреді. Өмірінде көптеген кедергіге тап болуы мүмкін, бірақ соңында керемет жеңіске қол жеткізеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

ЖЕТІ КЕҢЕС

ДАЛА ҚАРАҢҒЫ ЖӘНЕ СУЫҚ БОЛЫП ТҰРСА
ДА, КЕІ АДАМДАР ҰЙҚЫЛАРЫ ҚАНЫП, КӨҢІЛДІ
ЖҮРЕДІ. ОЛ МҮМКІН ЕМЕС СЕКІЛДІ КӨРІНГЕНІМЕН,
БІРНЕШЕ ЛАЙФХАКТЫ БІЛУ АРҚЫЛЫ СІЗ ДЕ
ТАҢЕРТЕҢ ҰЙҚЫДАН ОҢАЙ ТҰРА АЛАСЫЗ.

1. Денсаулыққа қатысты проблемаларды шешіңіз. Қажетті 7-8 сағат ұйықтасаңыз да, ұйқыңыз қанбайды ма? Онда ол ауру белгісі болуы мүмкін. Себебісіз ұйқышылдық пен шаршаңқылық – дәрігерге қаралуға итермелейтін белгілердің бірі.

2. Оятықшы уақытын ауыстырмаңыз оятықшытың дыбысын естіген бойда бірден тұруды әдетке айналдырыңыз. Тағы 5 минут жата тұруды қойыңыз. Тағы кішкене жата тұрғыңыз келген сайын ұйқы режиміңізді бұзасыз. Ал шаршаңқылық болса ешқайда кетпейді. Егер оятықшы сағат 06:50-ге қойып, бірақ ойыңызда 7:00-де тұру бар болса, одан да оятықшы уақытын бірден 7:00-ге қойыңыз. Себебісіз үзіліссіз ұйқы дұрыс болып саналады.

3. Оятықшыты алысқа қойыңыз алысқа қойсаңыз, оны сөндіру үшін орныңыздан тұрып, жүру керек болады. Бұл оятықшыты сөндіріп, қайтадан ұйықтап қалудан арылтады.

4. Усталудың үстіне 1 стақан су қалдырыңыз оны оятықшыты сөндірген бойда ішіп алыңыз. Сол кезде ұйқыңыз оңай ашылады.

5. Жапқышты ашыңыз қараңғыда ағза ұйқы гормонын бөле беретіндіктен, ояну қиынға түседі. Сондықтан, жапқышты ашыңыз, бөлме әлі де қараңғы болса, жарықты қосыңыз.

6. Айналаңызды жайлы етіңіз көпшілік жылы көрпенің астынан шыққысы келмегендіктен, бірден тұрып кете алмайды. Сондықтан, төсектеңіз қасына жылы жемпір мен жылы төпішке дайындап қойыңыз.

7. Барлық маңызды кездесулерді таңертеңге қойыңыз. Маңызды кездесуді немесе басқа да маңызды шаруаларды таңертеңге қойыңыз. Бұл сізге уақытыңда тұруға жақсы мотивация болады. Себебісіз ұйықтап қалсаңыз, бұл әрекетіңізбен басқа адамдардың уақытын аласыз.



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ТАҢҒЫ АСТЫҢ
пайдасы

Көптеген адам таңғы асын ішпестен оқуына, жұмысына асығып, кетіп қалады. Бірі «тәбетім жоқ» десе, бірі уақыттың аздығын айтып ақталады. Таңғы ас туралы осыдан өзге сан түрлі пікір де бар.

1. «Таңғы ас ішпесем, арықтаймын» деп ойлайтын адамдар баршылық. Негізінде таңертең тамақтанбасаңыз, түскі ас уақытында екі есе тамақтанатын боласыз. Демек, калория саны да көбейеді.

2. «Ботқа, нан жесем, семіріп кетемін» деген де пікір бар. Ал шындығында, жарма неғұрлым ірі болса, соғұрлым пайдалы. Оның құрамында протеин, В тобының дәрумендері, кальций, темір мен талшық мол. Сұлы ботқасы холестерин деңгейін төмендететіндіктен, ең пайдалы тағам саналады.

3. «Таңғы асты дайындауға уақыт кетеді» деген сылтау тағы бар. Бірақ таңғы асты нан, сүтті тағам мен жармадан тез арада дайындауға болады. Сұлыны бір стақан сүтпен араластырып немесе дайын йогуртты жеп, жұмысқа кете беруге болады.

4. «Дәрумен және минералды дәрі ішсем де жеткілікті» деген ұстаныммен өмір сүретін адамдар бар. Таңғы астың орнына үнемі дәрумен ішу қауіпті. Мысалы темір дәруменін үнемі ішетін болсаңыз, ол тінде (ткань) жиналып қалады. Тамақтың орнын дәрумен не жай су ішуден бассаңыз, ағзаға талшық жетіспейді. Мұндай өмір салты ісік секілді ауыр сырқатқа жеткізуі мүмкін. Сол себепті дәрі-дәрмектің орнына сұлы ботқасын, дәмді тоқаш, қара өрік немесе қайнатылған жұмыртқа жеп, жүрек жалғап алыңыз.

5. «Таңертең тәбетім жоқ, өзімді тоқ сезінемін» деген қатарға жатасыз ба? Мұның арты күйзеліске апаруы мүмкін. Артық салмақтың себебі – таңғы астан бас тарту. Жоғарыда аталған себептерді ысырып, күнде таңертең тамақтануға дағдыланыңыз. Бірнеше аптадан соң өзіңізді жеңіл сезінетініңізді байқайтын боласыз.

Ал сіз таңғы ас ішесіз бе?

ДЕНСАУЛЫҚ

ПИЯЗДЫҢ
ПАЙДАСЫ

1. Пияз дене қызуын түсіреді.

Әсіресе балалардың денсаулығына пайдасы мол. Егер дене қызуыңыз көтеріліп тұрса, пиязды кесіп, алма қышқылына салыңыз. Артынша бірнеше тілімін құлағыңыздың үстіне, нескинідің ішіне салып қойыңыз. Осылайша дененіздің қызуы жылдам түседі.

2. Инфекцияны өлтіреді.

Ең алдымен, пияз пастасын дайындау қажет. Ол үшін нанның үстіне сүтті қайнатып құйыңыз. Бетіне пиязды үккіштен өткізіп салыңыз. Артынша жараңыңың үстіне жағыңыз. 2-2,5 сағат тұрса, жеткілікті. Бұл рәсімді инфекция толығымен залалсыздандырылғанша қайталауыңызға болады.

3. Қанды тоқтатады.

Бір жеріңізді өткір затпен тіліп алсаңыз, сол жерге дереу пиязды дәкеге орап қойыңыз. Тыртық қалмау үшін рәсімді бірнеше рет қайталауыңызға болады.

4. Күйікті емдейді.

Күнге қатты күйсеңіз, теріңіздің үстіне пияз қойыңыз. 2 минут жеткілікті болады. Мұнымен қатар, күйген жерге жұмыртқаның ақуызын жақсаңыз, тыртық қалмайды.

5. Жетелді емдейді.

Пияз суының жетелді тоқтатуға пайдасы мол. Суын іше алмайтындықтан, бірнеше бөлікке бөліп, құлағыңыздың үстіне қойыңыз. Осылайша пияз суы қанға түсіп, жағымсыз жетелден арыласыз.

Бетті дайындаған Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахананың директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары

Гүлнәз ЕРДАУЛЕТОВА — тілші

Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші

Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алатау-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс №1191

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛАТАУ-БОЛАШАҚ" АҚ